ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Автомобиль жолдарындағы көпір құрылымдары және суөткізгіш құбырлар ЗЕРТТЕУГЕ ЖӘНЕ СЫНАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Сооружения мостовые и водопропускные трубы на автомобильных дорогах ТРЕБОВАНИЯ К ОБСЛЕДОВАНИЯМ И ИСПЫТАНИЯМ

ҚР СТ 1856-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Автомобиль жолдарындағы көпір құрылымдары және суөткізгіш құбырлар

ЗЕРТТЕУГЕ ЖӘНЕ СЫНАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

ҚР СТ 1856-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы («ҚазЖолҒЗИ» АҚ), «Автомобиль жолдары» ТК 42 техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль жолдары **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылы30 желтоқсандағы № 670-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта «Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі» және Қазақстан Республикасының «Автомобиль жолдары туралы» 2002 жылғы 17 шілдедегі № 245-II, «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II, «Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі № 29-1 Заңдарының нормалары іске асырылды.

Осы стандарт «Автомобиль жолдарын жобалау кезіндегі қауіпсіздік талаптары», «Автомобиль жолдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары» техникалық регламенттерімен үйлестірілген.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2013 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгертулер туралы ақпарат «Стандартау жөніндегі нормативтік құжаттар» көрсеткішінде жария етіледі, ал өзгертулер мәтіні «Стандартау жөніндегі нормативтік құжаттар» ай сайынғы ақпараттық көрсеткішінде шығады. Осы стандартты қайта қарау немесе қолданыстан алып тастаған жағдайда тиісті ақпараттар «Стандартау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етеді.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Жалпы ережелер	4
5 Көпір құрылыстарын және су өткізгіш құбырларды зерттеу	4
6 Көпір құрылыстарын сынау	8
7 Зерттеулер мен сынақтардың деректері бойынша құрылысты бағалау	12
8 Көпір құрылыстарының құрастырылымдық элементтерінің жиі кездесетін ақаулары мен бұзылулары	13
9 Зерттеулер мен сынақтар нәтижелерін рәсімдеу	23
А қосымшасы. Көпір құрылыстарын және су өткізгіш құбырларды зерттеу және сынау жұмыстарын орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі мен қауіпсіздік техникасын сақтау ережесі	25
Б қосымшасы. Материалдардың сапасын қадағалау барысында басшылыққа алынатын талаптар бекітілген негізгі халықаралық стандарттардың тізімі.	28
В қосымшасы. Көпірлерді зерттеу және сынау нәтижелерін сараптау және бағалау туралы Ереже	33
Г қосымшасы. Дөңгеленетін (білікті) тіреу бөліктерін зерттеу барысында есептеулерді орындау тәртібі.	38
Д қосымшасы. Құрылыс құрылымы туралы есеп беру нысаны	41
Е қосымшасы. Зерттеу нәтижелері туралы есеп беру нысаны	43
Ж қосымшасы. Қазақстан Республикасы жолдарында көпір құрылыстарын салу кезінде қолданылатын аралық құрылымдар арқалықтарының типтік және қайта қолданылатын жобалар каталогы	47
И қосымшасы. Көпірлік құрылыстар ақауларының анықтамасы	54
К қосымшасы. Аунақ (арқалықтар) тіреу бөліктерін зерттеу кезінде есептеуді орындау тәртібі	64
Л қосымшасы. Ақауларды жою бойынша орындалатын жұмыстардың анықтамасы	65
М қосымшасы. Талаптарын материалдардың сапасын бақылау кезінде басшылыққа алатын негізгі мемлекетаралық стандарттардың тізбесі	70
Қосымша. Библиография	72

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Автомобиль жолдарындағы көпір құрылымдары және суөткізгіш құбырлар

ЗЕРТТЕУГЕ ЖӘНЕ СЫНАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Енгізілген күні 2009-07-01

1 Қолданылу саласы

1.1 Осы стандарт барлық санаттағы және климаттық аймақтағы жалпы пайдаланылатын автомобиль көліктерінде орналасқан көпірлік құрылыс (көпірлер, өтпе жолдар, эстакадалар) және су өткізгіш құбырларға (бұдан әрі – құбырлар) қолданылады.

1.2 Стандарт құрылыс аяқталғаннан кейін (тұрақты немесе уақытша пайдалануға құрылысты ғимаратты қабылдау кезінде), пайдаланылып жатқан ғимараттарды қайта құрастырғаннан (күшейткеннен) кейін, сондай-ақ жүктеме түрлерінің ерекше жобаланған ғимараттарды зерттеу кезінде зерттеу жүргізу тәртібін және сынау әдістерін белгілейді.

1.3 Стандарт 1.1 қарастырылмаған объектілерге, оның ішінде:

- өз құзырет шегінде шектелген деректерді алу үшін жобалау, ғылыми–зерттеу және басқа да ұйымдар өткізетін толық емес зерттеулерге;
- құрастырылым бұзылғанға дейін өткізетін зерттеу сынақтарына;
- дайындау және құрастыру кезінде орындалатын құрастырылымдарды, тораптарды және тетіктерді бақылап зерттеуге және сынақтарға қолданылмайды.

Стандартты өз құзырет шегінде көпірлік құрылыстарды және құбырларды зерттеу мен сынауды және автомобиль жолдары мен олардағы құрылысты пайдалануға, сондай-ақ олардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, кәсіпорындар және ұйымдар қолданады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 1053-2002 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1380-2005 Автомобиль жолдарындағы көпірлік құрылыстар мен су өткізгіш құбырлар. Жүктемелер мен әсер етуі

Ресми басылым

ҚР СТ 1685-2007 Автомобиль жолдарындағы көпірлік құрылыстар мен су өткізгіш құбырлар. Құру, қайта құрастыру және күрделі жөндеу кезінде жұмыстарды орындау және қабылдау ережесі. Өндірістік бақылау.

ГОСТ 12.1.019-79 Еңбек қауіпсіздігі стандартарының жүйесі. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар мен қорғау түрлерінің номенклатурасы.

Ескертпе - Осы стандарты пайдалану кезінде үстіміздегі жылдың 1 қаңтарында берілген «Стандартау жөнідегі нормативтік құжаттар» көрсеткіші бойынша және үстіміздегі жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтеме құжаттардың қолданылуын тексеру керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай алынып тасталған жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1053 сәйкес терминдер қолданылды:

4 Жалпы ережелер

4.1 Көпірлік құрылыстар мен құбырларды зерттеу мен сынақтарды техникалық жағдайын анықтау және оларды пайдалану процесінде осы құрылыс жұмысын зерттеу үшін өткізеді.

Көпірлік құрылыстар мен құбырлардың зерттеулері дербес жұмыс ретінде (сынақ өткізбей) өткізіле алады.

Құрылыс сынақтарын алынған деректерді ескере отырып, тек зерттеу жұмысы жүргізілгеннен кейін ғана өткізуге рұқсат етіледі.

4.2 Көпірлік құрылыстар мен құбырларды зерттеу және сынау бойынша жұмыстар осы жұмыс түрлерін орындауға арналған лизенциясы бар мамандандырылған бөлімшелер орындауға тиіс.

Жұмыстарды осы жұмыс түрлерін орындауға арналған лицензиясы және кафедрасы бар жоғары оқу орындарының ғылыми–зерттеу бөлімшелерін тартуға болады.

4.3 Зерттеулер мен сынақтарды жүргізу кезінде пайда болатын жеке сұрақтарды шешу үшін көрсетілген жұмыстарға тапсырыс беруші жұмыстардың арнайы түрлерін (сүңгуір стансасы, бұрғы топтамалары, топырақ зертханасы, техникалық жағдайын және электрлік және түйіспе желілерін және т.б. пайдалану дұрыстығын бақылау бойынша топ) жүзеге асыратын ұйымдарды, сондай-ақ жол қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар және зерттеу және сынау объектілеріне тікелей немесе жанама қатынасы болатын басқа да мемлекеттік бақылау органдары өкілдерін бірлескен жұмыстарға тартуға болады.

4.4 Барлық құрылысы аяқталған көпірлік құрылыстар мен құбырларды пайдалануға қабылдау кезінде сыналғандардан басқасы 4.5 көрсетілген құрылыстар зерттелуге тиіс.

4.5 Пайдалануға қабылдау кезіндегі сынақтарға тәжірибелі

құрыстырылымдар мен бірінші рет қолданылып жатқан құрыстырылымдары болатын көпірлік құрылыстар өтуге тиіс.

Басқа да пайдалануға берілетін көпірлік құрылыстар (ірі аралықтар, сондай-ақ негізгі көтергіш элементтердің бірнеше рет қайталанғыштары болатын) жобалау және пайдаланушы ұйымның талаптары бойынша, сондай-ақ тиісті ғылыми–зерттеу және тәжірибелі ұйымдардың орындауымен байланысты жүргізіле алады. Аталған жағдайларда сынақты жүргізу қажеттілігі негізделуге тиіс.

4.6 Пайдаланудағы көпірлік құрылыстар мен құбырлардың зерттелуі ғимарат құрылысын күтіп ұстау жөніндегі нормативтік–техникалық құжаттамада белгіленген кезеңдікпен тұрақты жүргізілуге тиіс.

4.7 Пайдаланылатын құрылыстардың сынақтары құрылыстарды пайдаланумен байланысты мәселелерді шешу кезінде берілген деректер бойынша тек есептеу арқылы алынуы мүмкін емес.

Пайдаланылатын құрылыстарға сынақ жүргізу қажеттілігі сондай-ақ оларға күрделі жөндеу жүргізгеннен кейін немесе қайта құрастырғаннан кейін есептік жүк көтергішін анықтау, жеке ауыр көлік құралдарының құрылысы бойынша қамтамасыз жіберуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ басқа да негізделген жағдайларда қарастырған тиімді шараларды бағалау жағдайында бөліктерінде немесе элементтерінде ақаулар болған жағдайда туындау мүмкін.

Сынақ жүргізу қажеттілігі зерттеу жүргізетін ұйымдармен негізделеді, сынақты жүргізу туралы шешімді құрылысты пайдаланатын ұйымдар қабылдайды.

4.8 Көпірлік құрылыстар мен құбырлардың зерттеулері мен сынақтарын мүдделі ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, жұмыстарды орындаушылардың құрған әзірлеген бағдарлама бойынша жүргізу керек.

Бағдарламада жүргізілетін жұмыстардың негізгі міндеттері мен жалпы мақсаттары, зерттелетін жұмыстардың мазмұны мен көлемі көрсетілуге, зерттеуге сыналатын құрастырылымдар мен олардың элементтері (қималары) анықталуға, статикалық және динамикалық сынақтарға арналған жүктемелер көрсетілуге, есептік техникалық құжаттардың түрлері мен құрамы анықталуға тиіс.

Сынақ жүктемесінің шамасын анықтау бөлігінде көпірлік құрыстарды сынау бағдарламасының ережелері және белгіленген жүктемелердің сұлбасы жобалық есептік материалдар негізінде әзірленуге тиіс.

Сынақ бағдарламалары құрылысты салу және оны пайдаланылатын тапсырыс беруші – ұйымдармен келісіледі және жұмыстарды орындайтын ұйым басшысымен бекітіледі.

4.9 Зерттеулер мен сынауларды жүргізумен байланысты (уақытша көпір асты құрылғы және қажетті материалдар мен жұмыс күшін бөле отырып, байқау жабдықтары, сынақ жүктемесін көрсету, сынақ кезінде

көпірдегі және көпір асты қозғалыстарын реттеу және т.б.) дайындық жұмыстар:

— объектті салған құрылыс ұйымы - қайта салынған құрылыстарға;

- объектіні тапсыратын ұйым - пайдаланылатын құрылыстарда орындалуға тиіс.

4.10 Көпірлік құрылыстар мен құбырлардың зерттеулері мен сынақтарын құрылыстың барлық бөліктерін қарауға, қондырылған өлшеу құралдарының жұмыстары бұзылмау, сынақ жүктемесінің қауіпсіз қозғалуына кедергілер болмайтын, жұмыстағы қызметкерлерді техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының орындалу мүмкіндіктері болатын қолайлы ауа райы кезінде жүргізу керек.

Зерттеулер мен сынақтарды жауын – шашын болған кезде және сынақ кезінде сыртқы ауаның температурасы минус 20 °С төмен және зерттеу кезінде минус 30 °С төмен температурада, қар, қырау, мұз басқан құрастырылымда, сондай-ақ мұз қату және мұз жарылу кезінде өзен үстінде сынауға болмайды.

Көпірлік құрылыстар мен құбырларды зерттеу және сынау бойынша жұмыстарды [1] көрсетілген еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерін, сондай-ақ А қосымшасында көрсетілген ережелерді сақтай отырып орындау керек.

5 Көпірлік құрылыстар мен су өткізгіш құбырларды зерттеу

5.1 Жалпы нұсқаулар

5.1.1 Қайта құрылған көпірлік құрылыстар мен құбырларды пайдалануға берер алдында зерттеу негізгі міндеттері бекітілген құрылыс жобаларына, ҚР СТ 1685 және [2] белгіленген жұмыс сапасына қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілеу болып табылады.

Пайдаланылатын көпірлік құрылыстар мен құбырларды тұрақты зерттеудің негізгі міндеттері олардың техникалық жағдайын анықтау және оның белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру болып табылады. Пайдаланылатын құрылысты зерттеу арнайы мәселелерді шешу үшін, мысалы, жөндеу және қайта құрастыру жобасын әзірлеу, олардың есептік жүк көтергішін анықтау үшін және басқа да мақсаттар үшін өткізіле алады.

5.1.2 Көпірлік құрылыстар мен құбырларды зерттеу кезінде жұмыстың мынадай негізгі түрлері орындалады:

а) жобалау құжаттамасымен танысу;

б) құрылысты бақылау;

в) қайталап өлшеу және құралдармен суретке түсіру.

5.1.3 Сонымен қатар құрылыс жағдайына және зерттеу кезінде қойылатын міндеттемелерге байланысты жұмыстардың мынадай қосымша түрлері орындалады:

- бұзбайтын әдістер арқылы (мысалы, ультрадыбыстық, склерометриялық, акустикалық эмиссия әдісі және т.б.) (М қосымшасын қараңыз) материалдар сапасын бақылау;

- темірбетон элементтердегі арқаудың жергілікті ашылуы (арқау күйін анықтау, сондай-ақ бұзбайтын бақылау арқылы алынған нәтижелерді растау үшін);

- зертханалық сынауларды орындау үшін материалдар үлгілерін (қолданылған материалдардың белгіленген талаптарға сәйкессіздік анықталған жағдайда) алып тастау;

- су ағыны арналарының күйін бақылау;

- инструментальді құралдарды қолдана отырып, ұзақ мерзімді байқауды (бұдан әрі – инструментальді байқау) ұйымдастыру ;

- көпірлік төсеме элементтерінің жергілікті ашылуы (олардың қалыңдығын анықтау және гидрооқшаулау күйін айқындау үшін);

- басқа да жұмыстар, оның ішінде арнайы ұйымдардың қатысуымен жүргізілген жұмыстар (4.3 қараңыз)..

Ескертпелер

1 Материалдар сапасын бақылауды бұзбайтын әдістермен жүргізу кезінде, сондай-ақ зертханалық зерттеу үшін материалдар үлгілерін алып тастау кезінде қолданыстағы нормативтік құжаттардың (М қосымшасын қараңыз) талаптары мен нұсқауларын басшылыққа алу керек.

2 Материалдар үлгілерін алып тастау екінші дәрежелі және керілмеген бөліктерден және құрылыс элементтерінен бола алады. Үлгілер алынған құрастырылым орнында жабылған, ал қажет болған жағдайда күшейтілген болуға тиіс.

5.1.4 Көпірлік құрылыстар мен құбырларды зерттеу кезінде жобалау құжаттамасында қабылданған белгілеу жүйесін және құрылыс элементтерін есептеуді қолдану керек. Осы жүйе зерттеу бойынша есептік құжаттардағы сияқты далада да пайдаланылуға тиіс.

5.1.5 Көпірлік құрылыстар мен құбырларды зерттеу кезінде құрылыстарда анықталған ақаулар (істелмей қалған жұмыстар, ақаулар, бұзылулар) маңыздылығына қарай белгіленіп бағалануға тиіс. Олардың пайда болуының ықтималды себептерін көрсете отырып, әр түрлі көпірлер мен құбырлар құрастырылымдарында кездесетін сипаттамалы ақаулар мен бұзылулар Б қосымшасында келтірілген.

5.2 Жобалау құжаттамасымен таныстыру

5.2.1 Зерттеу және сынау кезінде нақты объектілерге қолданылатын жобалау құжаттамасының толық қарау дәрежесі жұмыс бағдарламасында қойылған міндеттерге негізделе отырып жұмыс басшысы анықтайды:

Таныстыру үшін қажетті жобалау құжаттамасын ұсыну:

— құрылыс бас мердігері немесе құрылысты салған құрылыс ұйымдарының тапсырысы бойынша құрылысы аяқталған ғимараттарды;

- құрылыста болатын ұйымды қарауға пайдаланылатын ғимараттарды зерттеу және сынау кезінде жүзеге асырылады.

5.2.2 Құрылысы аяқталған ғимараттарды жобалау құжаттамасымен таныстыру кезінде:

- бекітілген жобаның және қолданыстағы нормативтік құжаттардың дұрыс рәсімделуіне;

- қолданылған құрылыс материалдарының физикалық, механикалық және химиялық сипаттамалары жобалау және қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келетініне;

- жеке құрастырылымдарды (мысалы, жиналмалы аралық құрылымдарды, тіреу блоктарын және т.б.) аралық қабылдау, сондай-ақ жауапты құпия жұмыстар орындалған орында материалдардың рәсімделу сапасына және болуына көңіл аудару керек.

5.2.3 Пайдаланылатын көпірлік құрылыстар мен құбырлардың жобалау құжаттамасымен таныстыруға сондай-ақ бұрын жүргізілген зерттеу мен сынақ материалдарын және деректерін зерттеу кіреді. Мұндайда ғимаратты қолайлы жағдайда ұстау бойынша бұрын берілген нұсқаулықтар қандай дәрежеде орындалғанын анықтау керек.

Бұдан басқа күнделікті ұстауға (оның ішінде ақауларды анықтау бойынша) жөндеу, ұзақ мерзімді байқау бойынша жұмыстарды орындауға қатысты материалдар зерттелуге тиіс.

5.3 Құрылыстарды байқау

5.3.1 Құрылысты байқау кезінде оның бөліктері мен элементтерінде ақаулардың (мысалы, элементтердің жіктік және тораптық қосылыстарында сызаттар, сынықтар, бүгілулер, майысқан жерлер және қаңсулар, ақаулар, жемірілген жерлер, конустар еңістерінің бұзылулары, ағуға бағытталған және жағаны бекітетін бөгеттер, су бұрғыштардың және гидро оқшаулағыштың, деформациялы жіктер мен көпірлік төсемелердің басқа да элементтерінің бұзылуы) анықталуына көңіл аудару керек. Сондай-ақ лас, су, қар, мұз жиналу салдарынан әр түрлі жағымсыз оқиғалардың (жемірілу процестер, ағаштардың шіруі, еру және т.б.) қарқынды дамуы мүмкін жерлерді анықтау керек.

5.3.2 Қауіпті ауылды мекендерде және сейсмикалық қауіпті аудандарда орналасқан көпірлік құрылыстар мен құбырларды байқау кезінде қорғау құрылғылары және құрастырылымдары болатын жұмысқа және оның күйіне көңіл аудару керек.

5.3.3 Анықталған ақаулар анықталған уақыты мен пайда болуы мүмкін себептерді көрсете отырып, зерттелу материалдарында сипатталуға тиіс.

Қауіпті, сондай-ақ бұзылулар мен ақаулар нобайларда көрсетілуге немесе суреті түсірілуге тиіс.

5.4 Қайталап өлшеу және құралдармен суретке түсіру

5.4.1 Құрылыстың бас өлшемдерін қайталап тексеру және көлденең қималар, жіктер және бекітпелер өлшемдерін жобалау, орындау немесе пайдалану техникалық құжаттамада көрсетілген сипаттамаларға құрылыстың негізгі геометриялық сипаттамаларына (белгіленген рұқсат етулерді ескере отырып) сәйкестігін бағалау үшін өткізеді.

Жүргізілген қате бақылау өлшемдерінің түрі мен қажетті көлемі техникалық құжаттамамен таныстырғаннан және құрылысты бақылағаннан кейінгі жұмыстарды басшы анықтайды.

5.4.2 Көпірлік құрылыстарды зерттеу кезінде геодезия аспабы арқылы түсірілген суреттер:

- көлік құралдарының құрылыстары (немесе олардың астындағы) бойынша қозғалыс шарттарын бағалау және осы шарттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтау;
- құрастыру жұмыстарының сапасын анықтау (қайта салынған құрылыстарда);
- Құрылыста қарастырылған көлбеу шамаларын тексеру;
- Құрылысты пайдалану процесінде пайда болатын өзгерістерді кейінгі зерттеулерде анықтау үшін құрылыстың жеке бөліктері мен элементтерінің орналасуын дәл геодезиялық бекіту мақсатында жүргізіледі.

5.4.3 Геодезия аспабы арқылы:

- өтпе бөліктердің бойлық кескіндерін;
- өтпе бөліктердің көлденең кескіндерін;
- аралық құрылымдар бас фермаларының (арқалық) бойлық кескіндерін;
- аралық құрылымдар бас фермаларының (арқалық) жоспарын;
- көпір тіреулерінің сипаттамалы бөліктерінің биік орналасуын белгілеу керек.

Ескертпе – Қажетті құралдармен суретке түсірудің түрлері, жармалардың, көлденең және орындар саны бойынша суретке түсіріледі, зерттеу бағдарламасында белгіленеді және 5.4.3 көрсетілген нұқсауларды, құрылыстың құрастырылымдық ерекшеліктері бағдарламасында қойылған міндеттерді, бұрын жүргізілген құралдармен суретке түсіру мен басқа да міндеттемелер нәтижелерін ескере отырып, жұмыстарды басқарушы анықтайды.

5.4.4 Өтпе жолдардың және эстакадалардың көпір асты габариттерінің биіктігін тексеру кезінде жолдармен (төменгі) қиылысатын бойлық және көлденең кескіндерін түсіру керек.

5.4.5 Құралдармен суретке түсіру сенімді бекітілген нүктелер немесе ұзақ уақытты маркалар бойынша (арнайы ұзақ байқау кезінде) және қолайлы ауа райы кезінде (шамамен өте ыстық емес күндерде және жел жоқ уақытта) орындалуы керек.

Биіктік белгілерді тұрақты геодеза реперлерімен орап қою керек.

Құралдармен суретке түсіру бойынша материалдарда суреттерді түсіру уақыты, ауа райы жағдайы, қолданылатын геодезия аспаптарының типтері мен дәлдігі, пайдаланылған реперлер көрсетілуі керек.

5.4.6 Қажетті жағдайларда (мысалы, тіреулердің отыруы немесе көлбеуі байқалған, аралық құрылымдар жылжыған, сызаттар одан әрі үлкейген, сопақ дөңгелек құбырлар және т.б. кеңейген жағдайда) құрылысты пайдаланатын ұйымдар ұзақ байқау жүргізу үшін арнайы ұзақ мерзімді маркаларды орнатуға тиіс.

Байқау (өлшеу) түрлері, сондай-ақ олардың кезеңділігі зерттелетін құбылыстардың жылжып кету сипатына және болжамды жылдамдығына байланысты жұмыстардың арнайы бағдарламасымен белгіленеді.

Олардың мақсаттары мен мазмұнына байланысты ұзақ байқаулар пайдаланатын ұйымдардың күштерімен орындалуға тиіс.

5.4.7 Су өткізгіш құбырларды зерттеу кезінде бақылау өлшемдері мен құралдармен суретке түсіруді Б қосымшасында көрсетілген нұсқаулықтарды басшылыққа ала отырып жүргізу керек.

6 Көпірлік құрылыстарды сынау

6.1 Жалпы талаптар

6.1.1 Сынақ басталғанға дейін:

- құрылысты сынақ жүктемесін (аяқталмаған жұмыстардың, құрылыстың көтергіш қабілеттілігін түсіретін және өтетін және кіретін жолдарда кедергілердің болмауы) арту мүмкіндігін белгілеуге;
- сынақ жүктемесінің шекті рұқсат етілетін шамасын (жобалау нормасын және құрастырылымдағы ақаулар мен бұзылуларды ескере отырып) анықтауға;
- жүргізілген жүктеулер нәтижесінде болатын өзгерістерді анықтау мүмкіндігі үшін құрылыс күйін белгілеуге;
- динамикалық сынақ кезінде (жол жоспарын және кескіндерін, өту жолдарында тегіс емес және т.б. болуын ескере отырып) жүктеу қозғалысы шарттарын анықтауға мүмкіндік беретін құрылыс зерттеулері аяқталуға тиіс.

6.1.2 Егер көпірлік құрылыста бірнеше бірдей құрастырылымдар (аралық құрылымдар, тіреулер) болса, олардың жұмысын зерттеуге 4.5 және 4.8 бойынша сынақ жүргізу қажет етіледі және құрастырылымдардың біреуіне толық көлемде жүргізуге рұқсат етіледі. Қалған құрастырылымдар оған ұқсас сынақтардан (таңдау бойынша) өте алады.

6.1.3 Қолданылатын құралдардың параметрлері (дәлдігі, өлшеу шегі, жиілік сипаттамасы, метрологиялық және техникалық сипаттамасы және т.б.), оларды белгілеу тәсілдері және пайдаланылатын қондыратын құрал-жабдықтар қателіктері мен бұрмалануы кем болатын өлшеу шамаларының тұрақты көрсеткіштерін алуға мүмкіндік береді.

Сынақ кезінде стандарттауға өткен өлшеу құралдары және тексеруден өткен жабдықтарды пайдалану керек. Стандарттаудан өтпеген өлшеу құралдарын пайдалануға егер оларды қолдану бойынша белгіленген тәртіппен бекітілген әдістемелік нұсқаулар болған жағдайда қолдануға рұқсат етіледі.

6.1.4 Сынақ кезінде құралдарды механикалық, климаттық және басқа құбылыстардан қорғау керек. Егер сынақ кезінде құралдар көрсеткіштеріне ауа температурасының өзгерісі әсерін алып тастауға болмаса, онда осы әсер мүмкіндігінше құралдар көрсеткіштерін өңдеу кезінде есептеу арқылы ескерілуі керек.

6.1.5 Жұмыстарды басқарушы сынақтарды жүргізу алдында сынақ кезінде кедергілерді жою, сондай-ақ көлік құралдары қозғалысы және көпірге жанап тұратын жол учаскелеріндегі жаяу жүру жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар атқарушы – ұйымдарға әзірленіп берілуге тиіс.

Егер сынақ жүргізуімен байланысты жұмыс уақытында көпір бойынша қозғалыс толығымен тоқтатылмаса, онда қысылған жағдайда көлік құралдарының қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құралдар бойынша есептерді алу кезеңінде қозғалыстарды тоқтату бойынша шаралар қарастырылуға тиіс.

6.1.6 Қондырылған өлшеу құралдары бойынша көрсеткіштер болжанатын мәндерден артса, сондай-ақ құрастырылым жағдайында күтпеген өзгеріс байқалған кезде (мысалы, болат элементтерде және олардың қосылыстарында сызаттар мен қансулар пайда болған кезде, темірбетон элементтерінде және т.б. бетонның қызу немесе ұсақталу белгілері пайда болғанда) жұмыстарды басқарушының шешімі бойынша тоқталуға тиіс және сынақ жүктемесі сыналатын құрастырылым шегінен алынып тасталуға тиіс.

Бұдан кейінгі сынақтар құрастырылым күйін мұқият тексергеннен, пайда болған ақау себептері анықталғаннан және олардың қауіптілігі бағаланғаннан кейін ғана жүргізіле алады.

6.2 Статикалық сынақтар

6.2.1 Сынақ жүктемесінен болған құрылыстың кез келген элементтерінде пайда болған күштер:

а) шекті жағдайлар бойынша есептелген құрылыс сынақтары кезінде — бірлікке тең жүктеме бойынша сенімділік коэффициент және толық динамикалық коэффициент кезінде - жобада қабылданған уақытша жылжымалы тік жүктеме күштерінен;

б) рұқсат етілетін кернеулер бойынша (1962 ж. дейін қолданыста болған нормалар бойынша) есептелінген құрылыстарды сынау кезінде - толық динамикалық коэффициенті болатын, жобада қабылданған уақытша

тік жүктеме 120 % күштерінен;

в) көтергіш қабілеттілігі төмендетілген элементтері болатын құрылыстарды және жобалау құжаттамасы болмайтын құрылыстарды сынау кезінде - құрылыстардың тиісті есептік жүк көтергіштігінің уақытша тік жүктеме күштерінен артық болмауға тиіс.

Ескертпе – Құрылыстардың есептік жүк көтергішін анықтау құрастырылымның физикалық күйін (оның ішінде байқау кезінде анықталған бұзылулар мен ақаулар) ескере отырып, қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша жүргізіледі.

6.2.2 Сыналатын құрылыс элементтеріндегі сынақ жүктемесімен туындайтын күштер, әдетте көпірлік құрылыстардың тиісті түрлері үшін 6.2.1 көрсетілген күштерден 70 % төмен болмауға тиіс.

6.2.3. Статикалық сынақтар кезінде жүктеме ретінде автомобиль жолдарының көлік құралдарын пайдалану керек.

Кейбір жағдайларда (мысалы, көпірдің жеке элементтерін сынау кезінде, құрастырылымның және т.б. қаттылығын анықтау кезінде) сынақ кезіндегі жүктемелер домкраттар, шығырлар, туындаған күштердің белгілері болатын жеке жүктер пайда болуы мүмкін.

6.2.4 Сынақ кезінде пайдаланылатын көлік құралдарының таразы сипаттамаларын жұмыстарды жүргізер алдында анықтау керек. Таразы сипаттамаларын анықтау қателігі 5 % артық болмауға тиіс.

Жүктелмеген автокөліктердің таразы сипаттамасын паспорттық деректер бойынша қабылдауға рұқсат етіледі.

Сынақта бастар алдында жұмыстарды басқарушы сынақ жүктемесінің негізгі құрамын және салмағын ескере отырып, көпірлік құрылыстың жүктеу сұлбасы бағдарламасында қарастырылғандарды анықтау қажет болған кезде жүргізеді.

6.2.5 Құрылысты Сынақ жүктемесімен жүктеу сызбасын әзірлеуді құрылыс бөліктеріндегі және элементтеріндегі әсер ету күш желілерін (әсер ету беттері) негізге ала отырып жүргізу керек.

Жүктеу сұлбасын таңдау кезінде зерттелетін құрылыс бөліктерінде және элементтерінде ықтимал артық күштер пайда болатындай (6.2.1 көрсетілген шегінде) етіп оған ұмтылу керек.

6.2.6 Құрастырылымды сынақ жүктемесімен бірінші рет жүктеу жеке өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша әр түрлі кезеңдерінде оның жұмысын бақылай отырып, біртіндеп жүргізу керек.

6.2.7 Қарастырылған жағдайлардың әрқайсысында сынақ жүктемесіне төзу уақытын өлшеу құралдарының көрсеткіштерін тұрақтандыру бойынша анықтау керек: 5 мин ішінде байқалатын деформацияның ұлғаюы 5% аспауға тиіс.

Құрал көрсеткіштерінің дәлдігін арттыру мақсатында құрастырылымдарды жүктеу және түсіру уақыты, сондай-ақ құралдар бойынша есептеу уақыты мүмкіндігінше кіші болуға тиіс.

Жүктеме астындағы құрастырылымның айтарлықтай деформацияға

жетуі қажет болған жағдайда төзу уақыты байқалатын (алдыңғы жүктеу уақытында) құрылыс материалы деформациясының ұлғаюына және жіктік қосылыстар түрі мен жағдайына байланысты анықталуға тиіс.

Құрастырылымның қалған деформациясы сынақ жүктемесімен алғашқы рет жүктеу нәтижелері бойынша анықтау керек.

6.2.8 Құрастырылымды сынақ жүктемесімен жүктеуді қайталау керек. Қажетті қайталау жүктемесінің санын жұмыстарды басқарушы бірінші жүктеу нәтижелері бойынша анықтайды.

6.2.9 Статикалық сынақ процесінде:

- жалпы жылжуды және құрылыс деформациясын және оның бөліктерін;
- элементтер қимасындағы кернеуді (салыстырмалы деформациялар);
- жергілікті (сызаттар мен жіктердің ашылуы, қосылыстардағы жылжулар және т.б.) деформацияларды өлшеу керек.

Бұдан басқа құрастырылым түрінен және олардың жағдайына байланысты сынақ міндеттеріне сәйкес бұрыштық деформацияларды өлшеу, құрылыс бөліктерінің өзара жылжуын, элементтердегі (ванталардағы) және т.б. күштер жүргізіле алады.

6.2.10 Өлшеу құралдарын қондыру орнын уақытша тік жүктеме астында құрастырылым жұмысы туралы қажетті деректерді сынақ нәтижелерінде алу қажеттіліктеріне негізделе отырып анықтау керек.

Жылжуды және деформацияларды өлшеу үшін жүктеме әсерінде қарқында жұмыс істейтін құрастырылым элементтері мен бөліктерін, сондай-ақ зерттеу нәтижелері бойынша немесе басқа да деректер бойынша тексеруге қажет етілетін элементтер мен қосылыстарды таңдау керек.

6.3 Динамикалық сынақтар

6.3.1 Бағдарламада қойылған міндеттерге байланысты динамикалық сынақтарды:

- нақты жылжымалы жүктемелермен пайда болатын динамикалық әсерлер шамасын айқындау;
- құрылыстың негізгі динамикалық сипаттамаларын анықтау – меншікті тербелу жиілігі мен формасын, құрылыстың динамикалық қаттылығын, тербелістердің тоқтау сипаттамаларын анықтау мақсаттарында жүргізу керек.

6.3.2 Жылжымалы жүктемелермен пайда болатын динамикалық әсер шамаларын айқындау мақсатында сынау үшін құрылыс бойынша нақты айнала алатын ауыр жүктемелерді пайдалану керек және құрастырылымдарға тербеліс, соққы әсерлер, жергілікті қайта жүктеулер және т.б. пайда болдыруын туғызатын тегіс емес жолдар немесе өтпе бөліктер болған кезде қабілетті.

6.3.3 Құрылыстың динамикалық сипаттамасын анықтау үшін тұрақты тербелістің пайда болуын (оның ішінде еркін) туғызуға қабілетті жылжымалы, соғатын, дірілді, желді және басқа да жүктемелерді пайдалану керек. Ауытқу жүктемелерінің қосымша орындарын, сондай-ақ деформацияны өлшеу орындарын тербелістің күтілетін түрлерін және формаларын ескере отырып таңдау керек.

Жүктерге түсетін соққы арқылы құрастырылым тербелістері артуы кезінде жергілікті бұзылудан: тарату төсемесінің құм тіреулері құрылғысы, құрастырылымы сақтау шаралары қабылдануға тиіс.

6.3.4 Уақытша жылжымалы тік жүктемеден құрастырылым бөліктеріндегі және элементтеріндегі күштер динамикалық сынақ кезінде 6.2.1 белгіленген мәндерден аспауға тиіс.

6.3.5 Қажет болған жағдайда көпірлік құрылыстарды сынау кезінде (мысалы, құрылыстардың динамикалық сипаттамасын айқындау үшін, өтпе бөліктердегі тегіс еместік әсерлерді бағалау үшін және т.б.) жылжымалы жүктеменің динамикалық әсері жасанды құрылған біртегістігі бойынша автомобиль жолдарымен арнайы шараларды қолданумен артыла алады.

Кезеңді қайталайтын импульс түрінде артылатын динамикалық күштер автомобильдің доңғалақ базасына тең қашықтықта бір-бірінен алыстатылған шегі бойынша (көлденең жолда салынған тақтайлар бойынша) екі осьті автомобиль жолдары арқылы құрыла алады.

6.3.6 Құрылысты динамикалық сынақ кезінде уақытша жылжымалы жүктемемен арыту жүктеме қозғалысы ықтимал жылдамдығы ауқымында құрылыс жұмысының сипатын айқындауға мүмкіндік беретін әр түрлі жылдамдықпен орындау керек.

Арыту уақытында жүктеме қозғалысының жылдамдығын, сондай-ақ әр нақты жағдайда сол немесе басқа жылдамдығы болатын арту мөлшерін жұмысты басқарушы белгілейді.

Кем дегенде 10 артпаны әр түрлі жылдамдығы кезінде орындау керек және жеке арыту кезінде жүктеменің жоғары динамикалық әсері бақыланады.

6.3.7 Өздігінен жазатын құралдар көмегімен динамикалық сынау кезінде құрылыстың жалпы орын ауыстырылуы (мысалы, аралық ортасындағы иілген жерлер, жылжымалы тіреу бөліктеріндегі аралық құрылым шеттерінің жылжуы, сондай-ақ құрылыстың жеке элементтерінде жылжыту және өзгерту (кернеу) қажетті жағдайларында тіркеуге тиіс.

7 Берілген зерттеулер мен сынақтар бойынша құрылысты бағалау

7.1 Құрылыс жағдайын және жұмысын бағалау орындалған жұмыстардың барлық түрлері бойынша зерттеу және сынау кезінде алынған деректерді жан-жақты талдау арқылы өткізіледі. Мұндайда Б қосымшасында берілген көпірлік құрылыстарды зерттеу және сынаудың негізгі нәтижелерін талдау және бағалау бойынша ережелер пайдаланыла алады. Талдау ақау

деңгейлері бойынша бағалау әдістемесін пайдаланыла отырып орындала алады.

7.2 Зерттеу кезінде алынған бақылау өлшемдері мен суреттері бойынша деректер [2] көрсетілген дайындауға және құрастырылымдарды құрастыру үшін рұқсат етілетін ауытқулармен салыстырылады, сондай-ақ алдыңғы зерттеу нәтижелерімен де салыстырылады. Рұқсат етулер мен басқа талаптар бұзылған жағдайда көтергіш қабілеттілігіне айқындалған ауытқу әсерлері және құрылысты пайдалану сапасы бағалануға тиіс.

7.3 Зерттеу кезінде айқындалған құрастырылым ақаулары мен бұзылулары көтергіш қабілеттілігіне, ұзақтығына және құрылысты пайдалану сапасына олардың әсер етуін бағалау керек.

7.4 Көпірлік құрылыстардың зерттеу және сынау деректері бойынша есептік жүк көрсеткіштігі [3] нұсқауға сәйкес анықталады.

7.5 Зерттеу мен сынақ жүргізген материалдар бойынша, сондай-ақ құрылыстың есептік жүк көтергішін бағалау нәтижелері бойынша әр жағдайда құрылыстың қалыпты және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар әзірленуге тиіс.

Табылған ақаулар мен бұзылу сипатына, мәнділігіне және таралуына қарай әр түрлі жөндеу жұмыстарын жүргізу, жеке элементтерін күшейту, айналмалы жүктемелерге шектеу енгізу (оның ішінде, қатар мөлшерін азайту немесе көлік бірліктері арасында аралықтарды арттыру), көлік құралдарының қозғалысы жылдамдығын шектеу қарастырыла алады.

8 Көпірлік құрылыстардың құрастырылымдық элементтерінің сипаттамалы ақаулары мен бұзылулары

8.1 Темірбетон аралық құрылымдары

8.1.1 Темірбетон құрастырылымдарда дайындау, тасымалдау және құрастыру сатысында пайда болатын ақау және бұзылған жерлер болады.

а) технологиялық сызаттар: беткі жағына күтім көрсетілмеген жағдайда бетонның шөгу деформациясының салдарынан қатпаған бетонда пайда болатын шөгулер, сондай-ақ оны тығыздау немесе қалпының өзгеруі кезінде бетон қоспасының біркелкі емес шөгу салдарынан пайда болатын шөгінділер; осы сызаттарда ашылу ұзындығы бойынша кенет өзгеретін кетік шеттері болады;

б) нашар жылу–ылғал өндеу салдарынан қатаятын бетонда пайда болатын, ашылуы 0,2 мм дейін сызат түрінде пайда болатын кәдімгі температуралық–шөгу бұзылулары;

в) бетон ақаулары: қабыршақтар мен тесіктер; цемент сұйығы ағатын жер, арқаудың ашылуы немесе қорғау қабатының жеткіліксіз қалыңдығы;

г) басқа да ақаулар: бетон сынықтар, күтпеген жағдайлардан болған

үлкен сызаттар (әдетте бос бекемделген жерлерде болады).

8.1.2 Темірбетон құрастырылымдар жүктемесіне және әсер ету кезінде сызаттардың мына түрлері пайда болуы мүмкін:

- бетондағы үлкен сызаттар: бүктелетін элементтердің созылған элементтерінде және созылған аумақтарында көлденең, бүктелетін элементтердің сығылған элементтерінде және созылған аумақтарында бойлық, арқалық қабырғаларына жанама (көлбеу);
- керілетін арқаудың бекемдерін қондыру ауқымында, тіреу орындарында және басқа да оған ұқсас жерлерде жүктеудің жергілікті әсерінен болған сызаттар.

Осы сызаттардың пайда болуы мен ашылуы сызатқа төзімділігі бойынша есептермен, ал бетонның сығылған ауқымында беріктігі бойынша есептермен шектеледі.

8.1.3 Температуралық–шөгу сызаттары қоршаған ауа температурасы әсерінен және бетонның отыру әсерінен болған деформациялардың қимасы бойынша біркелкі емес кезде туындайды. Осы құбылыстар беттік сызаттар торының тууына әкеледі (Б қосымшасын қараңыз) немесе жүктемеден шығатын кернеуді қоса, үлкен сызаттарды пайда болуын азайтады. Осыдай жағдайлардың ұлғайтады. Осындай жағдай (мысалы, арқалық қабырғаларында) 5 -7 жыл жалғасуы мүмкін.

8.1.4 Сығылған арқаудан пайда болған бетонның шөгуін туындатқызатын арқау бойының бойлық сызаттары, арналардағы шикі иньекциялық ерітіндінің қатуы немесе бетондағы арқаудың жемірілуі. Осы құбылыстар бетонның қаусырылуынан бойлық сызаттардың пайда болуын арттырады.

8.1.5 Арқаудың жемірілуі себептері бетонның қорғау қабаттарының жеткіліксіз қалыңдығы, бетонның қорғау қабаттарының тығыздықтарының төмендігі және пассивті қасиеттерінен бетонның жоғалуы салдары сияқты (мысалы, карбонаттау нәтижесінде) өте агрессивті қауіпті орта әсері (хлор қосылған тұз) бола алады.

Сызаттардың ашылуы шамалары осындай жағдайда арқау өзекшесінде немесе өзекше шоғырларына жемірілу (тоттың) өнімдерінің шамамен екі еселенген қалыңдығына тең болады. Жемірілу өнімдерінің қалыңдығы өз кезегінде жемірілген металдың қалыңдығын 2.5–3 есе артады.

8.1.6 Құрастырылымдарда ылғалды ортада (еріту) бетонның кезектеп қатуы мен еруімен байланысты жемірілу бұзылулары туындайды. Осындай бұзылулар бетон бетінің жарылуы, сыртқы қабаттардың қопсуы және кейінгі бұзылу түрінде пайда болады.

Ішкі қуыстар мен тесіктерге су кірген жағдайда мұздаған судың кеңеюімен туындаған бетонның сынықтары байқалады.

8.1.7 Су бұрғыштың және гидрооқшаулау кемшіліктерінен құрастырылымда тұзды, яғни элемент беттерінде бетонның сілтіден айыратын өнімнің пайда болуымен судың ағуы байқалады. Осы құбылыс тұз

ерітілген (сілтіден айыру) суды шығарумен байланысты. Сондай-ақ гидро оқшаулауды салуға, жіктердің бекітілуіне және әр түрлі технологиялық саңылаулардың бітелуіне дейінгі құрылыс сатысында пайда болатын тұздар байқала алады.

8.1.8 Құрастырылымның ұзындығы бойынша жабысқақ құрамдық жіктерде:

- жік ауданы бөлігіндегі желімнің болмауынан туындаған жікте саңылаудың болуы кернеу концентрациясынан жікке жақын бетонда сызаттың пайда болуына әкелетін;
- желімнің илемділік консистенциясы немесе құраушылардың нашар араластырылуымен туындаған оның біртекті еместігі жіктің жылжуға кедергіні төмендете алатын ақаулар болуы мүмкін.

8.2 Болат және болат - темірбетон аралық құрылымдар

8.2.1 Сырттай бақылау арқылы көпірлік құрылыстардың металл құрастырылымдарын зерттеу кезінде метал жемірілуінің болуы. сондай-ақ элементтер, жіктер және бекітпелердің ақаулары мен бұзылулары (бүгілген, жаншылған, жергілікті босау, сызаттар, үзіліп қалған жерлер, тығыз емес, бос бекітпелер, қатайтылмаған бұрандамалар және т.б.) анықталады. Дәнекерлеу жіктерінің ішкі ақаулары бұзбайтын зерттеу әдісінің көмегімен (ультрадыбыстық дефектоскоп, радиографикалық және акустикалық әдістер) анықтайды.

8.2.2 Металдың жемірілуі болған кезде тікелей өлшемдер арқылы элемент қимасының босау дәрежесі белгіленеді. Сондай-ақ элементтердің босанғаны бойынша жемірілу процесінің жылдамдығы анықталады.

Ылғал тұнбасы мен нашар желдетуден болған («қаптар»; су кайтарғыштың жеткіліксіздігі; қуыстар мен саңылаулар, олардағы жемірілу элементтердің және т.б. қабынып кетуіне әкеледі).

8.2.3 Барлық болат құрастырылымдарда олардың бояуының күйі тексеріледі, мұндайда бояу қабаттарының саны мен сапасы, бояудың металмен тұтасуы және бояу жағылған металдың күйі анықталады. Металдағы бояу ақаулары (қоспаның жеткіліксіздігі, әр түрлі механикалық бұзылулар, сызаттар, көпіршіктер, қабыршақтар, жұмсарған және аққан жерлер және т.б.).

8.2.4 Металл құрастырылымдардағы сызаттар (әсіресе дәнекерленген жерлердегі сызаттардың дамуы қиманың жеке элементтерімен – бұрыштармен немесе беттермен шектелмейді) құрылысқа айтарлықтай қауіптілік туғызады. Сондықтан зерттеу кезінде сызаттардың табылуына ерекше көңіл аударады, олар анықталған жағдайда олардың туу себептері анықталуы керек, қауіптіліктері көтергіш қабілеттіліктері үшін бағаланады, сондай-ақ сызаттарды жылдам бейтараптандыру бойынша нұсқаулар беріледі

(шеттері бойынша саңылауларды бұрғылау, беріктігі жоғары бұрандамаларда және т.б. жапсырмалары болатын сызаттарды жабу).

8.2.5 Сызаттардың туу себептері:

а) кернеу концентрациясы;

б) дәнекерлеуден қалған қалдық кернеулер;

в) тозған құбылыстар;

г) металдардың морт сынғыштары болуы мүмкін.

Осы себептер өздігінен туу мүмкін, алайда бірнеше факторлардың әсер етуі орны бар.

8.2.6 Сызаттардың туу кернеу концентрациясы орындарда көбірек болады. Сондықтан зертеу кезінде осындай орындарға ерекше көңіл аудару керек.

Ең алдымен концентраторлар деп элементтер қимасы (беттердің үзілуі, олардың қалыңдығы мен енінің қалыпсыз өзгеруі, жапсырмалардың түйісу орны, қабырғалары, диафрагмалар және т.б.) кенет өзгеретін орындарды айтады. Бұдан басқа кернеу концентрациясы дәнекерлеу жіктерінің өңделмеген шеттері және олардың әр түрлі ақауларын туғызу мүмкін: дәнекерленбей қалған жерлер, жиектері бойынша қорытылмаған бөліктер, жиектердің үзілуі, балқымалар, қож қосылыстары, тесіктер, бөлінбеген шұңқырлар, бос бітеу кезіндегі жамау саңылаулары.

Сызаттардың туына көп әсер ететін жік маңайы аумағында болаттың аққыштық шегіне жете алатын дәнекерлеудің қалдық кернеуі көп әсер етеді. Осымен байланысты қанықкан дәнекерлеу (жапсырма контуры, элементтердің тораптары және т.б. бойынша дәнекерленген жерлер) жерлеріне көп көңіл бөлінеді.

Босап қалған сызаттарды анықтау үшін жүктеу циклдерінің ең жоғары мөлшерін қабылдайтын элементтер:

- бас фермалардың үлгілеріне ауыспалы–белгі қиғаш тіреулерді, тіреулер мен аспаларды бекіту орны;

- бас арқалықтардың (әсіресе, теміржол көпірлерінде) қаттылық қабырғаларына көлденең қатынастарды бекіту орны;

- жазық бетсіз бойлық арқалықтардың жоғарғы белдеулері бұрыштарының жазық сөрелері және оларда көпірлік білеулері немесе өтпе бөліктерінің тақталарының тікелей тіреу кезіндегі тура фермалардың жоғарғы белдеулерінің жазық беттері;

- бойлық арқалықтардың қабырғалары және оларды көлденең арқалықтарға бекіту бұрыштары, жіктік жапсырмалар, шеттік көлденең байланыстар;

- арқалықтары қабаттап орналасқан өтпе бөліктерінің элементтері;

- автожолдар және қалалық көпірлердегі ортотроптық тақталар мұқият тексеріледі.

8.2.7 Жамау қосылыстарын зерттеу кезінде бас фермалардың тораптарындағы және жіктеріндегі жамауларына, сондай-ақ өтпе бөліктер

элементтерінің тіркеуіндегі жамауларға ерекше көңіл бөлуі керек.

Жамаулар: оларды соғу кезіндегі дірілдер; нашар тартылған, соғылған, аз өлшенген қалыптаспаған жерлер, басы қатты күйген, негізгі металдың ойықтары, дұрыс емес қалып саңылаулары ақау деп саналады.

8.2.8 Бұрандалық қосылыстары болатын болат құрастырылымдарды қарау кезінде бұранданың бүтіндігі мен қосылыстардың сенімділігі тексеріледі: бұранданың созылу дәрежесі мен қосылу элементтеріндегі бұранда мен сомын басының жанау тығыздығы тексеріледі.

Бұрандаларды қосылыс элементтерге бұрыш астында орналастыру кезінде бұранда басының астында немесе сомын астындағы сына тәрізді тығырықтардың болуын тексеру керек.

Фрикциялық қосылыстарда ең алдымен ағындардың бұрандалық қосылыстар элементтерінде тоттың болуын бақылау үшін құралдармен жабдықталған арнайы кілттің көмегімен беріктігі жоғары бұрандалардың тартылу шамасын таңдап тексеру өткізіледі.

8.2.9 8.2.7 және 8.2.8 нұсқауда орындаудан басқа жамау және бұранда қосылыстарын байқау кезінде сондай-ақ [4] көрсетілген талаптарды басшылыққа алады.

8.2.10 Бұранда–топсаларда жүктерді жүктеу кезінде (бекіткіш бұрандамалар, кідіртпе сомындар және т.б.) сомынның бұралып шығуын ескертетін құрал – жабдықтардың болуы тексеріледі.

8.2.11 Болат темірбетон аралық құрылымдарды зерттеу кезінде (әсіресе, өтпе бөліктердің жиналмалы тақталармен) тіреу арқалықтары (фермалары) болатын тақтаның тұтастығы сапасына, сондай-ақ металл құрастырылымдары болатын, әсіресе, шеткі учаскелердегі тақтаның түйіндесуіне ерекше көңіл аударады. Тақтаның күйі Б қосымшасының 1-бөлімінің нұсқаулығына сәйкес тексеріледі.

8.2.12 Аспалы және ванталық жүйелер көпірлерінде көтергіш кабельдерге және сұйықтық Арқалықтарға аспаларды бекіту ванталардың және аспалардың, тораптардың, аспалардың қосқыш жалғастырғыштарына және олардың бұрандаларына, пилондарға кабельдердің бекітілу (ванталардың) тораптары, пилондардың тіреу бөліктеріне және созу шеттеріндегі (сырттай тіреу жүйелерінде) бекемдеу құрастырылымдары күйіне ерекше назар аударылады.

8.2.13 Ажыратқыш аралық құрылымдарда аралық бағыттау және айыру құрылғысының дұрыстығына, сондай-ақ пойыз, автокөлік және көпір арқылы жаяу жүргінші жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сигнал беру және басқа да құрылғылардың болуына және дұрыстығына көңіл аударады.

8.3Көпір тіреулері

8.3.1 Тіреулерде тіреу жасайтын материалдар үшін сипатты (олар

сәйкес материалдардан жасалған аралық құрымдардың ақауларына ұқсас), сондай-ақ құрастырылым ерекшеліктеріне, тіреуді салу және осы жұмысқа негізделген ақаулар мен бұзылулар айқындалады:

- құрастырылымның тіреу орындардағы сызаттар мен сынықтар;
- тіреу тұтастығының бұзылуы;
- тіреулердің көлемді бөліктеріндегі температуралық – шөгу сызаттары;
- тегіс жерлердің бұзылуы, жиналмалы–монолиттік құрас-тырылымдар блоктарының арасындағы жіктерді толтыру кезіндегі ақаулар;
- темірбетон қабыршақтардан немесе көлемді блоктардан жасалған құрастырылымдардағы сызаттар;
- мұз еру, карче жүру және түбіндегі қоқыстар әсер етуі аумағында құрастырылымдардың қажалуы және басқа да механикалық бұзылулары;
- климаттық факторлар мен су әсерінен (мысалы, бетонның қатуы, металдың жемірілуі және ағаштың шіруі) болатын судың айнымалы деңгейі аумағында құрастырылымның бұзылуы;
- кемелердің үйілуі және көліктердің қағып кетуінен туындайтын құрастырылымдардың бұзылуы айқындалады.

8.3.2 Тіреу негізі мен іргетасы күйі туралы мәліметтер алуының негізгі көзі жобалық құжаттама болып табылады, онымен танысу кезінде күрделі технологиялық процесс кезінде (шайылу кезінде қадалардың батуы, су астында бетондау және т.б.) жұмыстардың дұрыстығына көңіл аудару керек.

Бұдан басқа негіздер мен іргетас күйі туралы деректер деформациялы жіктердегі саңылаудың шөгуі және көлбеу, өлшемі арқылы анықталатын тіреудің жалпы өзгерістерін талдау негізінде, сондай-ақ өзен арнасының жиналуы нәтижелерін талдау негізінде алына алады.

8.4 Тіреу бөліктері

8.4.1 Сыртқы қарау және өлшеу арқылы болат тіреу бөліктерінің (оның ішінде темірбетон арқалықтармен) зерттеу кезінде:

- температураны ескере отырып, жылжымалы элементтердің дұрыстығына және аралық құрылымдардың есептік температуралық ауысуының (сызықтық және бұрыштық сияқты) (К қосымшасын қараңыз) қамтамасыз етілуі;
- жылжымалы тіреу бөліктерінің сырғу беттерінің күйі;
- тіреу бөліктерінің және оларға жанайтын аралық құрылым құрастырылымдарының барлық элементтерінің өзара сүйенуінің бір қалыптылығы;
- тіреу және аралық құрылымдардың тиісті элементтеріне теңгергіштердің (тіректердің) бекітілу сенімділігі;
- бекіткіш және қарсы айдау элементтерінің, сондай-ақ қорғау қаптамасының күйі тексеріледі.

8.4.2 Резенке тіреу бөліктерін зерттеу кезінде:

- резенке маркасы және тіреу бөліктерінің қызмет ету мерзімі;

- резенкеде ақаулар мен сызаттардың болуы, болат бекемдеу беттеріне (бүйір беттің барлық ауданы бойынша резеңкенің басылуы және білікшелер немесе қапшығы жеке, жүйесіз орналасқан түрде басылу) резеңкенің бекітілуі бұзылғаны туралы дәлелдейтін өзгертулер;

- тіреу бөлігі мен арқалықтар мен ішкі қосылған құрастырылымдардың тіреу алаңдары арасындағы саңылаулардың болмауы, сондай-ақ ішкі қосылған құрастырылым бетонындағы тіреу бөліктерінің түкпірге қарай орналасуын;

- температураны ескере отырып, тіреу бөліктерінің орналасуы дұрыстығына және аралық құрылымдардың есептік температуралық ауысуының қамтамасыз етілуі белгіленеді.

8.4.3 Полимер материалдардан жасалған стакан тәрізді тіреу бөліктерін зерттеу кезінде төменгі және жоғарғы тақталардың параллельдігі, орын ауысу бағытына қатысты, жылжымалы элементтердің бағыттарының дұрыстығы, сыртқы беттің бояу сапасы және қорғау қабының және қаптамасының күйі тексеріледі.

8.4.4 Барлық типтегі тіреу бөліктерін (бетон сынықтары және олардағы сызаттар, температуралық орын ауысу және т.б. үшін саңылаулардың болмауы) зерттеу кезінде тіреу бөліктерінің ақаулары мен дұрыс емес қондырғыларына байланысты, оларда бұзылу болуынан тіреу және аралық құрылымдардың жанайтын құрастырылымы күйіне назар аударады.

8.5 Көпірлік төсем және пайдалану мақсатында жайластыру

8.5.1 Көпірлік төсемдерді зерттеу кезінде:

- өтпе бөліктер мен жаяу жүргінші жолдары жабындарының бойлық және көлденең еңістерінің болуы және олардың шамасы;

- көпірлік төсем қабаттарының қалыңдығы, ең алдымен өтпе бөлік шегінде гидрооқшаулау жабындары мен қорғау қабаттарының қалыңдығы;

- ақаулар мен бұзылулардың болуы: өтпе бөліктер жабынындағы – құрылғыны қоршайтын жаяу жүргінші жолдары, оның жиегі құрастырылымындағы және шарбақтардағы сызаттар, шұңқырлар, жергілікті тегіс емес жерлер (әсіресе, деформациялы жіктер маңайында) белгіленеді.

8.5.2 Су бұрғыш және гидрооқшаулау күйіне ерекше көңіл аударады. Осы мақсатпен өтпе бөліктер жабындарының еңіс шамаларын тексеруден басқа, су бұрғыш құрылғылардың жұмыс істеу мүмкіндігі мен дұрыстығы бағаланады, сондай-ақ көпірден тыс су бұрылуының қамтамасыз етілгендігі бағаланады.

Гидрооқшаулау күйі су ағынының немесе ағу, бетонның тұздауы, тот ағындары іздерінің болмауымен (немесе болуымен) бағаланады. Қажетті

жағдайда гидрооқшаулау күйін тексеру үшін жабынның, қорғау қабатының немесе балласттың таңдап ашылуы өткізіледі.

8.5.3 Деформациялы жіктер құрастырылымдарын қарау кезінде температура әсерінен және уақытша жүктемеден аралық құрылымдардың шеттерінің еркін жылжуының қамтамасыз етілгендігі, сондай-ақ өтпе бөлік жабыны болатын жіктердің құрастырылымдық элементтерінің түйісу бір қалыптығы белгіленеді.

Жабық және толықтырылған типтегі жіктерде жіктердің қымталғандығы, металл компенсаторлардың болуы және олардың күйі, резеңке жапсырмалары немесе асфальт-бетонның жабу саңылауының қабынып толу күйі тексеріледі.

Жабын типті жіктерде жабатын элементтердің күйі (беттер, ирек тісті немесе тегістелген тақталар) жиектеу элементтері және оларды бекемдеу сенімділігі және су бұрғыш лотоктардың күйі анықталады.

8.5.4 Барлық көпірлерде шарбақтың, қоршау құрылғысы, жиектер, жарықтандыру матчы, электрлендіру көлігі түйіспелі желілерінің матчы және кронштейндері, кемелік және өзге де сигнал беру белгілерінің сенімділігі тексеріледі.

8.5.5 Қарау кезінде бақылау жабдықтарының күйі, қорғаныш алаңы, өртке қарсы жабдығы, жерге қосу және басқа да пайдалану құрылғысының элементтері тексеріледі.

8.5.6 Коммуникация жобасымен (байланыс, жылу беру, су құбыры, нөсерлік коллекторлар және т.б.) рұқсат етілген көпірлік құрылыстарда болған кезде құрылыс элементтеріне оларды бекіту құрастырылым жобасына сәйкестігі тексеріледі, сондай-ақ көпірді пайдалану шарттарына (ылғалдың артуы, ластану артуы, құрылыс элементтеріне және т.б. кірісті шектеу) коммуникацияның ықтималды кері әсерін айқындайды.

Қорапты қиманың аралық құрылымында коммуникацияларда апат болған кезде сұйық жіберу және тұйық құрастырылымдарды желдету шарттары үшін саңылаудың болуына назар аударады.

8.6 Көпір асты аумағы және көпірлік құрылыстарға кіре берістер

8.6.1 Пайдалану қызметі жұмыскерлерінің қару, өлшеу, түсіру және сұрау көмегімен көпір асты аумағын зерттеу кезінде:

а) *үлкен және орташа көпірлерде:*

- көпір асты арнаның, қазылған учаскелердің, жаға, жағаны бекітуші және реттеу құрылысы күйі;
- тіреуге қатысты су ағынының басты арнасы өзгерістері;
- жаңа тармақтар мен аралдардың (жобамен немесе алдыңғы зерттеулермен салыстырғанда) пайда болуы;
- арна немесе шұңқырдың қысылуын құрайтын бөгде құрылыс заттары мен қалдықтарының болуы;

- тіреуге жақын арна шайындысының болуы;

б) *кіші көпірлерде:*

- көпір астының, арнаның кіре берістері мен бұрғыш бөліктері және оның бекітілуі;
- көпір саңылауының ластануы мен лайлануы;

в) *барлық көпірлерде:*

- көпірлік өтпе құрылысының қоршаған ортаға (тіреу суымен еріту, ауылшаруашылық және орманның пайдаланылатын жерінің саздануы және күртігі, көшкін, жыраның және т.б. туындауы) кері әсері сипаты;

г) *өтпе жолдарда:*

- қиылысатын жол жабынының күйі, сондай-ақ ондағы қоршау құрылғысының болуы және күйі;
- өтпе жол астындағы өтетін жердің орнатылған габариттерінің жеткіліктігі, сондай-ақ тиісті жол белгілерінің болуы және орнату дұрыстығы белгіленеді.

8.6.2 Көпірлік құрылыстарға кіре берістерді байқау кезінде:

- үйінді, жағасы, құлама жерлер мен олардың бекітілуі күйі;
- үйінді шайындыларының болуы және сүзгі арқылы суды сүзу;
- жол жабынының күйі және тегістігі (әсіресе, көпірмен түйісу орындарында);
- өтпелі тақталар жұмысының тиімділігі, қоршау құрылғыларын, жиектері, надолб, жақтау, тіреу қабырғалары, басқыш жерлер, жол белгілерінің бекітілуі сенімділігі;
- жатық және тік түрдегі жол белгілерінің түсіру дұрыстығы белгіленеді.

8.7 Су өткізгіш құбырлар

8.7.1 Құбырларды зерттеу процесінде:

- құбырдың ішкі және сыртқы (топырақпен жабылмаған) беттерін және басын байқау,
- дөңгелек құбырлардың тік және жатық диаметрін, тікбұрышты құбыр саңылауының (немесе күрделі саңылау кескіні болатын құбырлардың басқа да сипаттамалы параметрлерінің) биіктігі мен енін өлшеу;
- буындар арасындағы және өзара тік буындар деформациясы іргетас (іргетас құбырларға арналған) секциялары арасындағы шамасын өлшеу;
- лотоктардың топырақпен тозуын анықтау;
- лоток кескінін және жоспардағы құбыр осінің орналасуын тексеру жүргізіледі.

Бұдан басқа қажет болған жағдайда:

- құрылыс осінің жолдар мен жол қатынастары осьмен қиылысу бұрыштарын өлшеу;

- жер төсемдерінің көлденең түсірілуін;
- келтіретін және бұрылатын арналардың, сондай-ақ су бұрғыш түйісетін құбырларға конустардың бекітілген еңістерін байқау;
- жоспар және сайдың сипатты қималарын түсіру, гидравликалық жұмыстың дұрыстығын тексеру;
- елек арқылы судың сүзілуін анықтау;
- топырақтың қабынуы немесе қызылсу мұзының туу белгілерінің анықтауын жүргізіледі.

8.7.2 Темірбетон, бетон және тасты құбырларды қарау кезінде бетонның сызаттарын, сынықтарын, бетонның қорғау қабаты қалыңдығының жеткіліксіз орындары, буындардың түйісу жіктеріндегі ағындар, бетон беттегі дымқыл дақылдарды және басқа да ақауларды анықтайды.

8.7.3 Бүрмеленген металл құбырларды қарау кезінде:
- материал және қосымша жабынның күйі;
- мырыш жабынның сапасы мен күйі;
- материал және лоток күйі;
- көлденең қима формасының өзгеруі;
- жіктердің (бұрандалардың орнатылу толықтығы, бұрандалардың созылу сапасы және тығырықтың орналасуы) дұрыс жасалуы;
- металдың жергілікті бұзылуының (бұранда саңылауларындағы, бүгілу жердегі және т.б. сызаттар) болуын белгілейді.

8.7.4 Темірбетон, бетон және тасты құбырлар саңылауларының тік және жазық өлшемдерін өлшеу (ең алдымен – жазық сызаттардың болуы орындарында немесе жіктердің ашылған жерлерінде) таңдап жүргізіледі.

Бүрмеленген металл құбырларда диаметрлерді өлшеу өтпе бөліктер осьі бойынша және құбыр шеттерінде орналасқан нүктелерде өткізіледі.

8.7.5 Жіктердегі саңылау шамаларын өлшеу құбырдың созылу белгілері білінген (оқшаулау жабынының үзілу кезінде үлкейген жіктер арқылы топырақтың төгілуі, құбыр лотоктарының шөгуі, басының үзілуі және т.б.) жағдайда ғана орындалады.

Дөңгелек құбырларда өлшемдер тік диаметр деңгейінде, тік үшбұрыштарда - буындар биіктігінің ортасында өлшенеді. Буындардың анық көрінетін шөгулері немесе созылулары кезінде өлшемдер буын үсті деңгейінде және лоток бойынша өлшенеді.

Бас еңістері немесе үзілістері анықталған жағдайда буындарға түйісу орындарындағы жіктің ашылуы және көлбеу бұрыштарының шамасы белгіленеді.

Бүрмеленген металл құбырлардың созылуы белгіленген нүктелер арасындағы құбыр ұзындығын өлшеу арқылы анықталады.

8.7.6 Құбыр лотоктарының топырақпен тозуын анықтау лоток (шұңқыр) терендігіндегі қоқыстар қалыңдығына көңіл аудара отырып, тасқын кезінде өткізіледі.

Қоқыстардың қалыңдығы тұтас болғанда арна күйін және құбырдың

жоғары және төменгі бекітпелерін мұқият тексереді, сондай-ақ кірісте, ұзындығының ортасында және құрылыстан шығу кезінде құбыр лотоктарының белгілерінің дұрыстығы тексеріледі.

8.7.7 Құбырлар әдеттегідей лоток бойынша біркелкілендіреді. Дөңгелек құбырлардың «құлып» бойынша немесе тік үшбұрышты құбырлардың ригель ортасында біркелкілендіру буындарды лоток бойынша тікелей біркелкілендіру киын (қоқыстың көптігінен, терең су ағыны салдарынан) болған жағдайда, лоток кескіндерін жанама бағалауға ғана пайдалана алады.

8.7.8 Жоспарда құбыр буындарының орналасуы (дөңгелек құбырларда – көлденең диаметр деңгейінде, тік үшбұрыштарда – буын биіктігінің ортасында) бірінші және соңғы буындардың ортасы бойынша құбыр осінің бойымен созылған өлшеуіш сымға қатысты немесе көлденең біркелкілендіру деңгейімен рейка бойынша өлшеулер арқылы белгіленеді.

9 Зерттеу және сынақ нәтижелерін рәсімдеу

9.1 Көпірлік құрылысты зерттеу және сынау нәтижелері қорытындысы және техникалық есеп актілері түрінде рәсімделеді.

Орындалған зерттеулер бойынша актілерді 4.2 сәйкес тағайындалған комиссия құрайды.

Қайта салынған немесе қайта құрастырылған құрылыстарды зерттеу және сынау нәтижелері бойынша қорытындылар қабылдау комиссиясына қысқа мерзімде алынған деректерді беру қажеттілігі кезіне құрылады. Бұдан басқа қорытындылар локальды сипатты жұмыстар нәтижелері бойынша (мысалы, құрылыстың бір немесе бірнеше жеке элементтерін зерттеу және сынау бойынша) құрыла алады.

Қорытындылар мен ұсыныстармен бірге жүргізілген зерттеулер мен сынаулар туралы есептер барлық алынған материалдар мен берілгендерді толық өңдегеннен және талдағаннан кейін құрылады.

9.2 Зерттеулер мен сынаулар бойынша құжаттарда:

а) актілер мен қорытындылар;

- зерттеулер мен сынаулар объектісінің қысқаша сипатталуы;
- орындалған жұмыстардың тізбесі;
- жұмыстардың негізгі нәтижелері және олардың шағын талдауы;
- құрылыс бойынша жүктерді жіберу туралы қорытындылар;

б) есептер:

- құрылыс құрастырылымын сипаттау және құрылыс бойынша жобалық және басқа да нормативтік және/немесе техникалық құжаттамадан алынған қажетті мәліметтер (В қосымшасын қараңыз);
- бар шегіністер, сондай-ақ салу кезінде туындаған ақауларды көрсете отырып, құрылыс технологиясын қысқаша сипаттау;
- бақылау өлшемдері мен инструментальді түсірулердің нәтижелері;

- табылған ақауларды сипаттаумен оның жеке бөліктерінің күйін көрсете отырып, құрылысты бақылау нәтижелері және көпірлік құрылыстардың техникалық күйін және негізгі жүк көтергіштігі параметрлерін толық бағалауды анықтаумен, табылған ақаулар мен бұзылуларды жою бойынша нұсқаулықтар (Г қосымшасын қараңыз).

- есептеу арқылы алынған деректермен тәжірибелі деректерді салыстыруды қоса, көпірді сынау нәтижелері;

- құрылыс күйі туралы және есептік деректер бойынша оның жұмыстарының сәйкестігі туралы қорытындылары;

- құрылысты бұдан әрі пайдалану шарттары болуға тиіс.

Қайта зерттеулер мен сынаулар (оның ішінде кейбір пайдалану мерзімі өткенде құрылыс жұмыстарын зерттеуге арналған) немесе ұзақ мерзімді бақылау жүргізу қажет болған жағдайда қорытындыларда тиісті ұсыныстарды жасау керек.

9.3 Есепке сызбаларды, сызба–нұсқаларды, суреттерді және иллюстрациялы материалдарды қосу керек. Қосымша материалдарды. есептік кестелерді және т.б. қосымшаларда келтіру керек.

Есепке берілетін қосымшаларда сондай-ақ сынау бағдарламасы, жобалық құрылыс және пайдалану құжаттамасынан алынған үзінділер. есептеп тексеру нәтижелері, мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен орындалған жұмыстар бойынша актілер мен материалдарды көрсетуге болады.

9.4 Құрылыс құрастырылымдарын сипаттау кезінде мыналарды қолдану керек:

- Қазақстан Республикасы жолдарында көпірлік құрылыс салу кезінде колданылатын аралық құрылымдар арқалықтарының типтік және қайталап – колданылатын жобалары каталогы (Д қосымшасы);

- аралық құрылымдардың арқалық сипаттамасы (Е қосымшасын қараңыз);

- жаға (шеткі) және аралық тіреулердің негізгі типтері (Ж қосымшасын қараңыз) пайдалану керек.

9.5 Табылған ақауларды сипаттау кезінде:

- көпірлік құрылыс және су өткізгіш құбырлардың ақаулары анықтамасы (И қосымшасы);

- ақауларды жою бойынша жұмыстар анықтамасы (Л қосымшасын қараңыз) пайдалану керек.

А қосымшасы
(міндетті)

Көпірлік құрылыстарды және су өткізгіш құбырларды зерттеу және сынау бойынша жұмыстарды орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі мен қауіпсіздік техникасын қорғау ережесі

А.1 Көпірлік құрылыстар мен құбырларды зерттеу және сынау бойынша жұмыстарды орындауға [1] сәйкес еңбекті қорғау бойынша нұсқама тексеруінен өткен жұмыскерлерге рұқсат етіледі.

А.2 Зерттеу және сынау бойынша дала жұмыстарын басталғанға дейін оған қатысушы барлық жұмыскерлерге осы нақты объектінің ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыстарды жүргізу қауіпсіз әдістері туралы және құрылыстың қалыпты жұмыстан ауытқуы табылған жағдайдағы әрекеттер туралы басшылар нұсқау беруге тиіс.

Жұмыстарды орындауға еңбек қауіпсіздігі бойынша қосымша талаптар қойылады, жұмыстарға жауапты орындаушыға [1] сәйкес қауіптілігі жоғары жұмыстарды өндіруге рұқсат – наряд беріледі. Жұмыскерлер қауіпсіз әдістерді және типтік бағдарлама бойынша осындай жұмыстарды жүргізу тәсілдерімен оқытылған болуға тиіс.

А.3 Зерттеу және сынау (қарау, аспаппен өлшеу, құралдарды орнату және оны алып тастау және ол бойынша есептеу) жүргізу мүмкіндігі үшін, иелігінде құрылыс болатын ұйым жұмыс істеуге қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асыруға міндетті.

А.4 Зерттеу және сынау бойынша дала жұмыстарын жүргізу кезінде қызметкерлердің еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауын жұмысты басқарушы жүзеге асыруға тиіс.

А.5 Көпірлік құрылыс мен құбырды зерттеу және сынау бойынша жұмыстар, олар арқылы өтетін қозғалыс жартылай тоқтатылады, көлік қозғалысының қауіпсіздігін бұзбауға тиіс, ал жұмыстарды ұйымдастыру жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс. Жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қажетті іс-шараларды әзірлеу және оларды жүзеге асыру иелігінде құрылыс болатын ұйым жүргізеді.

А.6 Көпірлік құрылыстар мен құбырларды зерттеу және сынау бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде оларда немесе оларға жақын жоғары вольтты электр беру желісі (оның ішінде түйіспе желілер) болған жағдайда оларға жақындауға немесе кернеу астындағы және сыммен қоршалмаған немесе түйіспе желісінің бөліктеріне 2 м кем қашықтықта қандай да затты апаруға тыйым салынады. Әсіресе, ұзындығы өте ұзын заттармен (штангамен, металл рулеткамен, сымдардың кесіндісімен және т.б.) жұмыс жасау кезінде ерекше көңіл аудару керек.

Осы талаптарды сақтауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, онда болатын

ұйым келісімімен желі тоқтан ажыратылады.

А.7 42 В артық желі кернеуі кезінде қолмен басқарылатын электр машиналары болатын жұмысқа жұмыстың қауіпсіз әдістерін, электр токпен жұмыс кезінде қорғау шараларын және зақымдалған кезде ГОСТ 12.1.019 бойынша алғашқы көмек көрсете білетін арнайы нұсқамадан өткен қызметкерлерге ғана рұқсат етіледі.

А.8 Зерттеу және сынау жүргізу кезінде шығыр, домкрат және басқа да арнайы құралдарымен жұмыс жұмысты қауіпсіз жүргізуге жауапты және тиісті білімі мен тәжірибесі болатын мамандардың басқаруымен жүргізіледі.

А.9 Екі немесе одан көп қабатты бір тік қатар бойынша жұмыстарды бір уақытта жүргізу төменде жұмыс істеп жүрген жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау кезінде ғана рұқсат етіле алады.

А.10 Су бойынша орнын ауыстырумен байланысты жұмыстарды жасау кезінде қызметкерлер құтқару құралдарымен (құтқарушы шеңберімен, шарлармен, жіптермен және т.б.) қамтамасыз етілуге тиіс.

А.11 Мұзбен жұмыс жасау кезінде оның қалыңдығы 15 см (қар басқан қабат қалыңдығын есептемей) кем емес болғанда және мұз жиегіне дейінгі арақашықтық 5 м кем емес болуға тиіс.

А.12 Ені 100 м артық (төменгі деңгейлі судың кемері бойынша) өзен арқылы көпірлерде жұмыстарды басқарушы зерттеу жұмысы басталғанға дейін құтқару құралдарының болуын тексеру керек. Суда дайындалған жүзу құралдары болуға тиіс.

А.13 Полимер құраушыдан жасалған желіммен жұмыс резеңке қолғаппен жасалуы керек. Ашық денеге желім жағылған жағдайда оны тез арада көлемді сумен жуу керек. Жұмыс аяқталғаннан кейін дененің ашық бөлігін (бет, қол) сабынды жылы сумен жуу керек.

А.14 Зерттеу және сынау объектілеріне жүретін жұмыскерлер қажетті медикаменттер мен медициналық алғашқы көмек көрсететін құралдармен жабдықталуға тиіс.

А.15 Зерттеу және сынау объектілеріндегі жұмыстарға қатысатын жұмыскерлер жеке қорғау (арнайы киімдермен, арнайы аяқ киіммен және сақтандырғыш құралдармен) құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Жұмысты жыртылмаған, балағы ұзын емес, тайғанақ емес аяқ киімдерді киіп, мұқият орындау керек.

А.16 Қысқы мезгілде объектілерде жұмыс кезінде жұмыскерлердің кезеңді жылыну мүмкіндігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдануға тиіс.

А.17 Арақашықтығы 1 м және одан артық жер, су немесе құрастырылым үстінде орналасқан төсеме тақталар және байқау орындары шарбақтармен қоршалуға тиіс.

А.18 Төсеме тақтаға адамдарды көтеру және түсіру сенімді бекітілген баспалдақпен ғана рұқсат етіледі. Баспалдақтар 60° аспайтын көлбеумен

орнатылуға тиіс. Баспалдақты әр түрлі төсемелерде орнатуға тыйым салынады.

А.19 Құрылысты зерттеу кезінде әсіресе тар жерлерде (арқалықтардың арасында, қораптарда, тіреу ригельдерде және т.б.) барлық жұмыскерлер құрастырылымдық элементтерді немесе олардан шыққан қадаларға, құрама қалыптардың қалдығына және т.б. бұйымдарға жанаспай өтіп, өте мұқият болуға тиіс. Тым жылдам қозғалуға және жүгіруге болмайды.

А.20 Тойтармаларды, қождалған дәнекерлеу жіктерін, тот басқан металл элементтерді, бетон бетін соғу кезінде қорғаныс көзілдірігі немесе қалқаншаларды пайдалану керек.

А.21 Объектіде жұмыстарды жасау кезінде қызметкерлерде қорғау каскалары болуға тиіс, ал пайдалануда болатын құрылыстың өтпе бөлігіндегі жұмыс кезінде қызғылт сары түсті сигналдық кеудеше киюі міндетті.

А.22 Толық аяқталған құрылыс жұмыстарын зерттеу кезінде қауіптілік туу мүмкіндігіне байланысты ерекше сақтықты сақтау керек.

А.23 Ескі ағаш төсемелермен жұмыс кезінде шіру салдарынан беріктігін жоғалтқан элементтер, бекітпелері бұзылған элементтердің болуына байланысты ерекше сақтықты сақтау керек.

А.24 Көпірлік құрылыстарға кіре–берістерді сынау кезінде қолданыстағы жол қозғалысы ережелерінің талаптарына сәйкес қоршалуға тиіс.

А.25 Құрылыста сынақ жүргізу кезінде оның астындағы сынаққа қатыспайтын адамдардың болуына тыйым салынады.

Сынаққа тікелей қатысатын жұмыскерлер өздерінің жұмыс орындарында болуға тиіс.

А.26 Діріл сынақтарды жүргізу кезінде 1,5 м кем арақашықтықта діріл машина жұмыс жасайтын қорғалмаған эксцентриктерге жақындауға тыйым салынады.

А.27 Соққы жүктемемен сынау жүргізу кезінде 3 м кем арақашықтықта белгіленген жүктің түсуі орнына жақындауға тыйым салынады.

Б қосымшасы
(ұсынылатын)

Көпірлерді зерттеу және сынаудың негізгі нәтижелерін талдау және бағалау бойынша ережелер

1 Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау бойынша ережелер

1.1 Болат құрастырылым

1.1.1 Дәнекерлеу элементтердегі сызаттар құрастырылымның барлық кимасын, әсіресе, ауаның кері температура кезінде үлкейетін, сынып бұзудың ықтимал қауіптілігін құрайды.

1.1.2 Шегеленген элементтердегі сызаттар, сондай-ақ сызаттар орналасқан сол элемент қимасының бұзылуы ықтималды себебі ретінде қарастыру керек.

1.1.3 Бос тойтармалардың болуы тораптың немесе түйіспенің көтергіш қабілеттілігін төмендетеді.

1.1.4 Металдың жемірілуі элементтердің қимасын босатады, сондай-ақ ойық кезде кернеу концентрациясына әкеледі.

1.1.5 Қаркынды жұмыс жасайтын сығылған элементтердің болымсыз кисаюы және жинақталған күш әрекеті аймағындағы қабырғалардың жергілікті қисаюы элементтер мен құрастырылым бөліктерінің жеткіліксіз төзімділігі белгілері болып табылады.

1.1.6 Металл элементтердің бетіндегі Людерс сызығы пластикалық деформацияның қаркынды даму белгісі болып табылады.

1.2 Темірбетон құрастырылымдар

1.2.1 Бетонда сызаттың ашылуы (нормаланатын шамалардан артық өлшемде), сондай-ақ есептеулерде қарастырылмаған сызаттардың пайда болуы:

- сызаттар пайда болуы ықтималды себептерін;
- элементтің (арқау кернеуіне, құрастырылым бүтіндігіне, қима жұмысы сұлбасының және т.б. өзгеруіне) көтергіш қабілеттілігіне ықпалын;
- сызаттары бойынша арқаудың жеміріліп бұзылуының қауіптілігін ескере отырып бағалау керек.

1.2.2 Көлденең сызаттардың бір уақытта болымсыз ашылуымен бетонның қысылған аумағындағы бойлық сызаттар созылған аумақта (иілетін элементтер үшін) бетон бойынша элементтердің көтергіш қабілеттіктерінің таусылуы туралы куәландыра алады.

1.2.3 Арқаудың бетонмен ілінісуі болмайтын (мысалы, құрылыс кезінде) алдын ала керілген көлденең – мүшеленген құрастырылымдар жіктерінде сызаттардың пайда болуы құрастырылымның көтергіш қабілеттілігі бойынша қауіпті жағдайдың шығу салдарынан болуы мүмкін.

1.2.4 Кезенді кескін арқау кезінде 0,5 мм артық және тігіс арқау кезінде 0,7 мм артық ашылу шамасы болатын көлденең орналасқан жұмыс арқауының керілмейтін құрастырылымдағы сызаттар арқауда аққыштығын немесе арқаудың бетонмен ілінісуін жоғалтуды куәландыра алмайды.

1.2.5 Арқау жемірілу қауіптілігі белгісі бойынша қорғау шараларын қабылдау мынадай сызаттар бар элементтерге қажет етілмейді:

- керілмейтін өзекті арқауы болатын құрастырылымдарда: 0,15 мм дейін ашылған, судың ауыспалы деңгейі аймағында орналасқан;
- 0,2 мм дейін ашылған ылғалдандыратын атмосфералық тұнбалары болатын;
- 0,3 мм дейін ашылған атмосфералық тұнбалардан қорғалған.

1.2.6 Алдын ала керілген құрастырылымдардағы көлденең жұмыс арқауы сызаттарының болуы керілген арқау бетонының жеткіліксіз сығылуы белгісі сияқты қарастырыла алады.

1.2.7 Өзек арқау бойымен сызаттар мен сынақтардың пайда болуы әдетте арқау жемірілуімен байланысты. Осы ақаулардың болуы бетонның жеткіліксіз қорғау қасиеттеріне көрсетеді және құрастырылымның ұзақ мерзімділігін төмендетуге әкеледі. Жұмыс арқауының бойымен сызаттардың болымсыз ашылуы кезінде оның жемірілу салдарынан арқалықтардың және бағандардың көтергіш қабілеттілігін түсіруі мүмкін.

1.2.8 Бетондау ақаулары (қабыршақтар, қуыстар, бетонның қорғау қабатының қалыңдығы жеткіліксіз орындар), сондай-ақ бетон сынақтарын арқауды жемірілуден қорғау төмендеген сияқты ең алдымен бағалау керек; осындай ақаулар мен бұзылулардың өлшемі үлкен болғанда элементтер қимасындағы қысылған бетон ауданының азайтылуын және құрастырылымның сыртқы түрінің нашарлануын бағалау керек.

1.2.9 Ағындар, тұз және тот басқан ағындар әдетте құрастырылымның нашар гидро оқшаулауын куәландырады. Бетон бетіндегі құрғақ, ескі тұз іздерінің болуы (әсіресе, қайта құрылған көпірлерде) гидро оқшаулауды салғанға дейінгі су ағынының салдарынан болуы мүмкін.

1.2.10 Құрамалы иілетін құрастырылымның жабысқақ жіктерінің ірі учаскелерінде қатпаған желімнің болуы көлденең күш бойынша көтергіш қабілеттілігін төмендетуге әкеледі және үйкеліс коэффициентінің төменгі мәндерінде жікті тексеруді қажет етіледі.

1.3 Монолиттік және жиналмалы – монолиттік бетондық тіреулер

1.3.1 Тіреулердің жалпы деформациясының болуы негіздер деформациялары туралы куәландырады және құрылыстың пайдалану қасиеттерін (тіреу бөліктерін жылжытуға, деформациялы жіктер өлшемдерінің кемуіне, кескін және жол жоспарының нашарлауына) төмендетуге әкеледі және статикалық анықталмайтын жүйе үшін осындай деформациялар негізгі құрастырылымның бұзылуына және олардың көтергіш қабілеттілігін төмендетуге әкеледі.

1.3.2 1-1,5 см дейін ашылған көлемді бетон тіреулердегі тік температуралық–шөгу сызаттары, егер осы сызаттарда даму үрдісі болғанда және тіреу бүтіндігінің бұзылу қауіптілігін құратын жағдайларды есептегенде, құрылыс үшін қауіпті емес.

1.3.3 Жылына 1 мм дейінгі қарқындылығымен мұз және түбіндегі қоқыстардың бетонды қажау салдарынан көлемді тіреулердің (қалыңдығы 1,5 м артық) қырларының тозуы қауіпті емес және рұқсат етімді деп есептеле алады. Жоғарыдан көрсетілгеннен үлкен өлшемде жеңілдетілген және көлемді тіреулердің тозу қауіптілігін тіреулер ұзақ мерзімге шыдамды қабілетін төмендеуі мүмкін екендігін ескере отырып бағалау керек.

2 Негізгі сынау нәтижелерін талдау және бағалау бойынша ережелер

2.1 Сынау нәтижелері бойынша көпірлік құрылыс құрастырылымы жұмысын оң бағалаудың негізгі критерийі сынақ жүктемесі әсері кезіндегі құрастырылымда есептік жолмен (сынақ жүктемеден) табылған мәндер бойынша өлшенген серпінді факторлардың (күш, кернеу, деформация, орнын ауыстыру және т.б.) сәйкестігі болып табылады.

2.2 Статикалық сынақ кезінде құрастырылым жұмысының көрсеткіші мына формула арқылы есептелетін 2.1 көрсетілген факторлар үшін есептелетін *K* құрастырылымдық коэффициенті болып табылады.

$$K = \frac{S_e}{S_{cal}} \qquad (1)$$

мұндағы S_e — сынақ жүктеме әсерінде өлшенген фактор;

S_{cal} — есептеу жолымен сынақ жүктемесінен табылған сол фактор.

2.3 Уақытша жүктеме астындағы сыналатын құрастырылым жұмыстарын жалпы бағалау үшін мына факторлар үшін сынақ жүктемесі жоғары әсері кезінде табылған *K* коэффициентінің мәндері сипатты болып табылады:

- аралық құрылымдардың иілуі орташа болғанда (ені бойынша)
- тартылған немесе қысылған элементтердегі орташа осьтік кернеулер;
- иілетін элементтер (тартылған және қысылған) аумағының әрқайсысына орташа фибра кернеулері.

Ені екі басты арқалықтардан (фермалардан, аркалардан) артық, аралық құрылымдардағы орташа иілімін әр арқалықтың иілу шамасына жүктемені көлденең орнатудың есептік коэффициентінің әсерін есептемейтін тәсілдермен есептеу ұсынылады.

2.4 Берілген көп санды статикалық сынақ бойынша негізгі көтергіш құрастырылым және олардың элементтері үшін *K* коэффициентінің мәндері 0,7-1,0; ал өтпе бөлігі және жол киімі элементтері болатын басты арқалықтардың (фермалардың) біріккен жұмысын есепке алмайтын, аралық құрылым элементтері үшін - 0,5-0,7 құрайды.

2.5 Бірден артық *K* коэффициентінің мәндері есептік шарттардан қабылданғандардан құрылыс элементі жұмысының елеулі ерекшелігін көрсетеді.

Осы жағдайда анықталған ауытқулар себебін анықтауды және элементтердің сенімді жұмысын қамтамасыз ету бойынша шараларды әзірлеуді қажет етеді.

К коэффициентінің төменгі мәндері құрылыстағы немесе оның резервтік элементтерінде көтергіш қабілеттілігінің болуын көрсете алады. Осы резервтерді пайдалану мүмкіндігі *К* коэффициентінің төменгі мәндерін алу себептерін зерттегеннен кейін қарастырылуы мүмкін.

Құрылыстың негізгі жүк көтергішін анықтау кезінде негізгі көтергіш құрастырылым жұмысына құрастырылымдық элементтер әсерін негізгі көтергіш құрастырылымдармен бірге осы элементтердің сенімді біріккен жұмыстарын қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар қабылданған жағдайда немесе біріккен жұмыстар жобада қабылданған шешіммен кепілдік беретін жағдайда ғана ескеру керек.

2.6 Ең жоғары фибра кернеу шамалары бойынша табылған *К* коэффициентінің мәндері кернеу концентраторларының, күш әрекеттері эксцентриситеттерінің болуына, элементтер мен баска да жағдайларда қосу мен бекітудің физикалық біртекті еместігіне байланысты, бірлікті жеке жағдайларда көтере алады.

2.7 Көпірлік құрылыстардың басты арқалықтарының (фермаларының, арқаларының) жеке элементтерде өлшенген факторларын талдау кезінде аралық құрылымның кеңістіктегі жұмыстарын ескере керек. Уақытша жүктеме η_l көлденең орнату коэффициенттерін мына формула арқылы есептеуге болады.

$$\eta_i = \frac{f_i}{\sum_{i=1}^{n} f_i} \qquad (2)$$

мұндағы η_i – i - арқалыққа (фермаға, аркаға) арналған көлденең орнатудың негізгі коэффициенті;

f_i – сынау кезінде өлшенген i - арқалықтың (ферманың, арканың) серпінді иілу шамасы;

n - арқалықтың (ферманың, арканың) саны немесе аралық құрылымның көлденең қимасындағы кез келген басқа да нүктелер, олардың иілуі сынау кезінде өлшенген.

Табылған η_l көлденең орнату коэффициенттері жобалау кезінде қабылданған η_i мәндерімен салыстырылады.

2.8 Көпірлік құрылыстың бағалау критерийлерінің бірі ретінде статикалық сынау нәтижелері бойынша α құрастырылым жұмысының көрсеткішімен өрнектелетін өлшенген серпінді және қалдық деформация (негізінен бүгілген жерлер) қатынасы мынаған тең:

$$\alpha_1 = \frac{f_r}{f_{el}} \qquad (3)$$

мұндағы f_r - деформацияны тұрақтандырғаннан кейін анықталған қалдық иілудің шамасы;

f_{el} – сол жағдайда анықталған серпінді иілудің шамасы.

Қайта салынған көпірлік құрылыс жұмысын серпінді және қалдық деформация қатынасы бойынша бағалау нормативтік шамаға жақын, сынақ жүктеме құрастырылымын бірінші арту нәтижелері бойынша жүргізілу керек.

α құрастырылым жұмысының көрсеткіштері мынадай мәндерге жете алады:

- қайта салынған құрылыс үшін – 015;
- пайдалануда болатын көпірлік құрылыс үшін – 0,05.

2.9 Зерттеу кезінде белгіленген кескіндерді ескере отырып, статикалық сынақ кезінде алынған өтпе бөлігі профилінің иілу және сынық шамалары нормаланатын шамаға олардың сәйкестігін бағалау кезінде пайдалану керек.

2.10 Динамикалық әсер кезінде құрастырылымы жұмысын негізгі (сынақ жүктеменің үлкен шамасы кезінде анықталған) және жобалық динамикалық коэффициенттердің шамасын салыстыру, есептік және нормаланатын меншікті тербеліс кезеңінің өлшенген шамаларын салыстыру, тербелістің (резонанс типті және соғу) қолайсыз түрлерін анықтау, тербеліс және т.б. тоқтау сипатын қарастыру негізінде бағалау керек.

2.11 Өтпе бөліктің кескінінің өлшенген иілімдерін, сынық бұрыштарын салыстыру кезінде көлденең орнату коэффициенттері және олардың соңғы шамаларымен есептелген тербеліс кезеңдері құрастырылымдық элементтердің арту әсерін ескере отырып анықтала алады.

В қосымшасы
(міндетті)

Құрылыс құрастырылымы туралы есеп нысаны

1 КӨПІРЛІК ҚҰРЫЛЫСҚА АРНАЛҒАН КАРТОЧКА

1 Жалпы деректер (толтыру мысалы)

Автожол:		Үшарал - Достық	
Көпір (өтпе жол) мекен-жайы, км		2	
Жақын елді мекен, км		Үшарал қ, 6	
Бөгет атауы		Тентек ауданы	
Бөгеттің орналасуы, (үстінде, астында)		астында а/д	
Құрылыс бұрышы, град		0	
Айналма радиусі, м		-	
Көпір сызба - нұсқасы	Кеңейткенге дейін	6 х 22,16м	
	Кеңейткеннен кейін	6 х 22,16м	
Көпір ұзындығы, м	Кеңейткенге дейін	134,4	
	Кеңейткеннен кейін	134,4	
Көпір габариті, м	Кеңейткенге дейін	7,0	
	Кеңейткеннен кейін	8,5	
Көпір асты габариттері, м			
Тротуралар ені, м		Сол - 0,75	Оң - 0,75
Бөлгіш жолағының ені, м		-	
Есептік уақытша жүктемесі	Кеңейткенге дейін	Н-30, НК-80	
	Кеңейткеннен кейін	А-11, НК-80	
Жылы	Салу	1964	
	Жөндеу	2003	
	Соңғы зерттеу	2002	
Құжаттаманың болуы	Жобалық	АОУАД,«Матан» ЖШС, КаздорНИИ	
	Орындау	«Матан» ЖШС, АОУАД	
	Пайдалану	-	
Пайдаланатын ұйым		«Қазақавтодор» Алматы филиалы ДЭУ-19	

2 Көпірлік төсем (толтыру мысалы)

Өтпе бөлік жабынының типі және қалыңдығы, см	Асфальт бетон, 7	
Өтпе бөлік қоршауының типі және биіктігі, см	Металл кедергі h=75	
Тротуарлар мен жабындар типі	Консолдарға төмендетілген металл төсем	
Шарбақ қоршау материалы және оның биіктігі, см	Сол – дәнекерлеу металы h= 110	Оң – дәнекерлеу металы h= 110

Бойлық көлбеу, ‰	Аралық нөмірі					
	1	2	3	4	5	6
	0	0	0	0	0	0

В қосымшасының жалғасы

3 Аралық құрылымы (толтыру мысалы)

Көпір бөлігі	Аралық нөмірі	Арқалық (аралық құрылымның каталогтағы нөмірі) коды, типтік жобаның нөмірі, материал	Қимадағы арқалықтың мөлшері, дана	Ось арасындағы арақашықтығы, м	арқалық ұзындығы м
Негізгі	1-6	№ 70 , Мостотреста МТС, 1959, темірбетон	6	1,40	22,16
Кеңейту					

Аралық құрылымының төменгі бөлігінің арақашықтығы (толтыру мысалы)

Атауы	Тіреу немесе аралық құрылым нөмірі							
	1	2	3	4	5	6	7	8
Тіреудегі топырақ беті, м	-	-	-	5,02	5,42	3,60	-	-
Аралық ортасындағы топырақ беті, м	4,67	-	-	4,98	5,52	4,36	-	-
Тіреудегі жиек деңгейі, м	-	5,31	5,30	-	-	-	-	-
Аралықтағы жиек деңгейі, м	-	-	-	-	-	-	-	-
Іргетастың шеті, м	-	-	-	-	-	-	-	-

4 Тіреу бөліктері

Құрастырылымы	Көпір бөлігі	1 аралық тіреу нөмірі		2 аралық тіреу нөмірі		3 аралық тіреу нөмірі		4 аралық тіреу нөмірі		5 аралық тіреу нөмірі		6 аралық тіреу нөмірі	
		1	2	2	3	3	4	4	5	5	6	6	7
Тіреуіш бөліктер	Көпірдің негізгі бөлігіне												
	Көпірдің кеңейтілген бөлігіне												

Ескертпе - Тіреу бөліктерінің мынадай белгілеу типтері қабылданды:
тм – тангенциальды металл; **пм** - жазық тангенциальды; **вм** – металл білік; **бм** - теңгергіш; **бн** - қозғалмалы емес теңгергіш; с - секторлық; **роч** - резеңке; **п** – төсемдер.

5 Деформациялы жіктер

Құрастырылымы	Көпір бөліг	1 аралық тіреу нөмірі		2 аралық тіреу нөмірі		3 аралық тіреу нөмірі		4 аралық тіреу нөмірі		5 аралық тіреу нөмірі		6 аралық тіреу нөмірі	
		1	2	2	3	3	4	4	5	5	6	6	7
Деформациялы жіктер	Көпірдің негізгі бөлігіне												
	Көпірдің кеңейтілген бөлігіне												

Ескертпе – Деформациялы жіктердің мынадай белгілеу типтері қабылданды:
з - жабық; **о** - ашық.

В қосымшасының жалғасы

6 Тіреулер (толтыру мысалы)

Тіреу нөмірі	Тіреу типтері, іргетас, материал, тіреулердің саны, қадалар, бағандар. негізгі өлшемдер (іргетасы, денесі, басы)	Іргетасты орналастыру тереңдігі	Іргетас шетінен басының үстіне дейінгі тіреудің биіктігі
1,7	Тіреу ені 8,3 м. табиғи негіздегі көлемді. монолиттік шеткі – темір бетон	Орнатылмаған	Орнатылмаған
2-9	Тіреу қимасы 1.0х8,3 м, табиғи негіздегі көлемді, монолиттік аралық – темір бетон	Орнатылмаған	Орнатылмаған

7 Реттегіш құрылыстар (толтыру мысалы)

Құрылыс орналасу түрі мен орны	Нысаны	Материалы	Құрылыс өлшемі			Жұмыс еңістерін орнату	Бекіту типі. қалыңдығы. м
			Жиек үсті бойынша ұзындығы, м	Үсті бойынша ені, м	Биіктігі м		
Сол жағалаудағы үстіңгі бөгет	Алмұрт тәрізді	Топырақ	60	5	3	1:2	Темірбетон плитаның иілгіш төсеніш
Оң жағалаудағы үстіңгі бөгет	Алмұрт тәрізді	Топырақ	20	3	2.5	1:2	иілгіш төсеніш, қой тасты - малтатас

8 Көпір асты арна (толтыру мысалы)

Көп судың есептік шығыны, $м^3$ /сек	орнатылмаған
Көп судың есептік деңгей жиегі (КСЕД)	орнатылмаған
Меже судың деңгейі (МСД)	
Көпір астындағы су айнасының ені, м	32,0 – негізгі арна
Төменгі сабаға түсетін судың ең жоғары тереңдігі, м	1,42
Мұздың есептік қалыңдығы, м	0,5
Төменгі сабаға түсетін өзен ағынының жылдамдығы, м/сек	0,7
Ағын бағыты (оң жаққа / сол жаққа)	оң жаққа

9 Кіре - беріс (толтыру мысалы)

Мәліметтер тізімі (атауы)	Кіре - беріс	
	Оң жағалаудағы	Сол жағалаудағы
Жолдың техникалық санаты	II	II
Қоршау типі, ұзындығы және биіктігі, м	Металл қоршау, ℓ=20, h=0.75	Металл қоршау, ℓ=20, h=0,75
КСЕД сызығы бойынша кіре – беріс ұзындығы. м	20	20
Жер төсемінің ені. м	12,0	12,0
Өтпе бөліктің ені. м	8,0	8,0
Еңістерді бекіту	бекітілмеген	бекітілмеген

В қосымшасының жалғасы

Мәліметтер тізімі (атауы)	Кіре - беріс	
	Оң жағалаудағы	Сол жағалаудағы

Конустарды бекіту	Монолиттік бетон	150х75х15 см жиналмалы бетон плитамен
КСЕД үстіндегі үйінді биіктігі, м	-	-
Жол белгілері	40 км/сағ дейін жылдамдықты шектеу	40 км/сағ дейін жылдамдықты шектеу

10 Басқа да деректер (жарықтандыру, коммуникация және т.б.)

Нысанды құрастырған _____

(ұйымы, лауазымы, т.а.ә., қолы. күні)

В қосымшасының соңы

2 СУ ӨТКІЗГІШ ҚҰБЫРЛАРҒА АРНАЛҒАН КАРТОЧКА

(толтыру мысалы)

Автомобиль жолдары _____

Құбыр мекен-жайы, км+м	Құбыр типі, К/П/М	Саңылау, м	Балл саны, шт	Материалдың түрі	Құбыр ұзындығы, м		Жер төсемі		Басының типі, Р/П/К	Басын дайындау тәсілі, М/С	Іргетас типі М/С/Б	Жолмен қиылысу бұрышы, α_o, °
					Басы жоқ	жалпы	ені, м	Құбыр үстіндегі биіктігі, м				
71+75	К	1,0	1	Темір-бетон	14,65	15,61	12,0	0,75	К	М	С	60

Ескертпе
1 Құбыр типі (К/П/М): К – дөңгелек, П -тікбұрышты; М – кіші көпір.
2 Басының типі (Р/П/К): Р – кең құбыр, П - порталды, К – еңіс қанаттар.
3 Басын дайындау тәсілі (М/С): М - монолиттік, С - жиналмалы.
4 Іргетас типі (М/С/Б): М - монолиттік, С - жиналмалы, Б - іргетассыз.

Нысанды құрастырған _____
(ұйымы, лауазымы, т.а.ә., қолы, күні)

Г қосымшасы
(міндетті)

Зерттеу нәтижелері бойынша есеп нысаны

1 Көпірлік құрылыстың ақаулар ведомості

(көпірлік құрылыстың атауы)

Ақау нөмірі	Ақау мекен - жайы	Ақау атауы	Ақауды жою бойынша іс – шаралар атауы	Жұмыстар көлемі		Элементтердің техникалық күйін тұтас бағалауға ақау әсерінің шамасы
				Өлшем бірлігі	Саны	
1	2	3	4	5	6	7
1	Көпірлік құрылыс элементінің атауы және оның нөмірі					δ_1
2						δ_2
3						δ_3
...						...
n						δ_n

Ескертпелер

1 Құрылыс элементінің техникалық күйін бағалауға n-ақауының әсер ету шамасы δ_n ақаулар анықтамасы бойынша қабылданады. (И қосымшасын қараңыз).

2 Құрылыс элементінің техникалық күйін бағалау [4] сәйкес анықталады.

3 Ақау нөмірі ерікті түрде қабылданады. Элемент нөмірі ақау анықтамасымен беріледі (К қосымшасы): 1 - ұйымдастыру, 2 – тазалау және күту, 3 - шарбақ, 4 - тротуарлар, 5 - өтпе бөлік, 6 –көпірдің үйіндісімен түйісуі 7 – деформациялы жіктер, 8 – аралық құрылымдар, 9 – тіреу бөліктері, 10 – тіреулер, 11 – реттегіш құрылыс, 12 – тұтас көпірлік құрылыс, 13 – көпірге кіре - беріс.

Нысанды құрастырған _____

(ұйымы, лауазымы, т.а. ә., қолы, күні)

Г қосымшасының жалғасы

2 Су өткізгіш құбырлардың ақаулар ведомості

Ақау нөмірі	Ақау атауы	Жұмысы		
		Атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі
1	Құбыр денесінің лайлануы	Құбыр денесін және арнаны тазалау	$м^3$ топырақты	
2	Жеткіліксіз ұзындығы	Құбырдың ұзындығы	ұзындығы, м	
3	Жеткіліксіз саңылау	Қосымша құбырды салу	шт.	
4	Басының бұзылуы	Басын салу	$м^3$, басы	
5	Буындардың бұзылуы	Құбыр буындарын ауыстыру	$м^3$ буындар	
6	10 см артық құбыр денесінің шөгуі	Іргетасын ауыстыру және құбыр буындарын төсеу	$м^3$ т. б.	
7	Буын жіктерінің бұзылуы	Жіктерді бітеу	м жіктер	
8	Құбыр іргетасының болмауы	Құбыр салмасы	$м^3$ т.б.	
9	Құбырдың геометрия бүтіндігінің бұзылуы	Құбыр салмасы	$м^3$ т.б.	
10	Кіріс басы бекітпесінің бұзылуы немесе болмауы	Монолиттік бетон плиталармен бекіту	$м^2$ бекіту	
11	Шығыс басы бекітпесінің бұзылуы немесе болмауы	Монолиттік бетон плиталармен бекіту	$м^2$ бекіту	
12	Тас бермасының болмауы	Тас бермасын салу	$м^3$ тас	
13	Кіші көпірдің апаттық жағдайы	Көпірді құбырмен ауыстыру	мың теңге	
14	Ақаулар жоқ		-	
15	Апаттық жағдайдағы құбыр	Құбырды ауыстыру	мың теңге	
16	Құбыр көмілген	Құбыр денесін тазалау	$м^3$ топырақ	
17	Құбыр сумен толған	Су арнасын бұру	$м^3$ топырақ	
18	Құбыр кері көлбеу	Құбыр лотогын теңестіру	$м^3$ бетон	

Нысанды құрастырған _____

(ұйымы, лауазымы, т.а. ә., қолы, күні)

Г қосымшасының жалғасы

3 Көпірлік құрылыстың техникалық күйін бағалау

Жол атауы _____

Көпірдің мекен - жайы _____

Бөгет атауы _____

Көпірдің ұзындығы, м _____

Өтпе бөліктің ені, м _____

Толтыру мысалы

Құрылыс элемент-терінің нөмірі	Көпірдің құрастырылымдық элементтері	Техникалық күйін бағалау (мәтін)	Мәнділік коэффициен-ті, α
3, 4, 5	1 Жегетін төсем	Қанағаттан-дырмайды	-
6, 7	2 Көпірдің үйіндісімен түйісуі және деформациялы жіктер	апаттық	0,5
8	3 Аралық құрылым	апаттық	1
9	4 Тіреу бөліктері	Қанағаттан-дырмайды	1
10	5 Тіреулер	жақсы	1
11	6 Конус және реттегіш құрылыстар	апаттық	0,5
-	7 Көпірді толық алғанда	апаттық	-
Ескертпелер 1 Элементтер нөмірі ақау анықтамасымен қабылданады (И қосымшасы). 2 Көпірлік құрылыстың техникалық күйін бағалау [4] сәйкес анықталады. 3 Көпірлік құрылысты техникалық күйін толығымен бағалауға (ТКБ) арналған негізгі құжат ретінде: ақаулар ведомості және ақаулар анықтамасы.			

Нысанды құрастырған _____

(ұйымы, лауазымы, т.а.ә., қолы, күні)

4 Көпірлік құрылыстың негізгі жүк көтергіштігі параметрлері

_____

(көпір атауы)

Жүктеме атауы / Арту режимі	Өлшем бірлігі	Мәні
1 АК класы бойынша есептік жобалау жүктемесі, НК класы бойынша	клас. тн	
2 Негізгі жүк көтергіштігі: АК класы бойынша НК класы бойынша	класс тн	
3 Көлденең қимадағы жүктеме қолайлы жағдайда жылдамдығы шектелген бөлек режимде көлік құралдарының қозғалысы мына сызба–нұсқа бойынша: Бір жолтабанды алты осьтік тіркемелер НК-120 Екі жолтабанды алты осьтік тіркемелер НК-180 типі бойынша	 тн тн	
Ескертпе – Негізгі жүк көтергіші [3] бойынша құрылыс ақауларының жүк көтергіштігіне әсерін ескере отырып анықтау керек.		

Нысанды құрастырған _____

(ұйымы, лауазымы, т.а.ә., қолы, күні)

Д қосымшасы
(анықтамалық)
Қазақстан Республикасы жолдарында көпірлік құрылыстарды салу кезінде қолданылатын аралық құрылымдар арқалықтарының типтік және қайта – қолданылатын жобалар каталогы

№	Аралық құрылым атауы
	арқалық
1	Арқалық консолды, 1948 ж.
2	Тірек арқауы болатын типтік диафрагмалы арқалық, шыққан жылы 56, 1957ж..
3	Тірек арқауы болатын типтік диафрагмалы емес арқалық, шыққан жылы 56-Д. 1962 ж..
4	Ағын – бетон диафрагмалы арқалық, ВТП-16. 1963 ж.
5	Тірек арқауы болатын типтік диафрагмалы емес арқалық, 3.503-14 сериясы, жеке. N 710/5
6	Алдын ала керілген диафрагмалы арқалық, Мостотрест МТС, 1959 ж, L=22.16м
7	Алдын ала жеңілдетіп керілген арқалық, ВТК-21, ГТПИ Каздорпроект, 1987 ж.
8	Топсалы – шпон жіктері болатын алдын ала жеңілдетіп керілген арқалық, ВТК-21Ш, Каздорпроект, 1986 ж.
9	Аралас бекемделген, жеңілдетілген арқалық, ВТК-21С, ГТПИ Каздорпроект, 1992 ж.
10	Алдын ала жеңілдетіп керілген арқалық, ВТК-24, ГТПИ Каздорпроект, 1988 ж.
11	Аралас бекемделген, жеңілдетілген арқалық, ВТК-24С, ГТПИ Каздорпроект, 1993 г.
12	Диафрагмасыз алдын ала керілген арқалық, ВТП-22-16, 1962 ж.
13	501-5 типті үйлестірілген алдын ала керілген арқалық, 3.503-12 сериясы, L =12 м
14	501-5 типті үйлестірілген алдын ала керілген арқалық, 3.503-12 сериясы, L =18 м
15	501-5 типті үйлестірілген алдын ала керілген арқалық, 3.503-12 сериясы, L-=21 м
16	501-5 типті үйлестірілген алдын ала керілген арқалық, 3.503-12 сериясы, L =24 м
17	501-5 типті үйлестірілген алдын ала керілген арқалық, 3.503-12 сериясы, L=33 м, 1968 ж.
18	501-5 типті үйлестірілген алдын ала керілген арқалық, 3.503-12 сериясы, L=42 м, 1968 ж.
19	501-5 типті үйлестірілген алдын ала керілген арқалық, 3.503-12 сериясы, L=33 м ,1971 ж.
20	501-5 типті үйлестірілген алдын ала керілген арқалық, 3.503-12 сериясы, L=42 м
21	Типтік алдын ала керілген диафрагмалы арқалық, Шығару 149-62. Союздорпроект, 1962 ж.

Д қосымшасының соңы

№	Аралық құрылымдық атауы
22	Типтік алдын ала керілген диафрагмалы арқалық L = 22,16; 32,96 м, шығару 100, СДП. 1959 ж.
23	Адымы 2.5 м үйлестірілген құрама. L = 24 м
24	Адымы 2.5 м үйлестірілген құрама, L = 33 м
25	Адымы 2.5 м үйлестірілген құрама, L = 42 м
26	Адымы 2.5 м үйлестірілген құрама, L= 2 бастап 33 м дейін
27	Адымы 2.33 м үйлестірілген арқалық, L = 18 бастап 42 м дейін
28	Шығару 56 L =12 бастап 22 м дейінгі төсеме плитамен кеңейту
29	Шығару 56Д L = 12 бастап 16 м дейінгі төсем плитамен кеңейту
	Плиталық
30	Тұтас қима кәдімгі темірбетоннан жасалған плита, 5.04-145-Белгипродор сериясы, 1962 ж. ,L = 6 м
31	Тұтас қима кәдімгі темірбетоннан жасалған плита, 3.503-29– Белгипродор сериясы, 1973 ж., L = 6 м
32	Қуыс плиталар, 3.503-12 сериясы. жеке N 384/5 СДП 1964 ж., L = 12; 18 м
33	Қуыс плиталар, 3.503-12 сериясы. жеке N 384/43; 384/25 СДП 1973 ж., L = 9; 12;15; 18 м
34	Қуыс плиталар N 2081/2-1. ГТПИ Каздорпроект, 1987 ж.,L = 12 м
35	Қуыс плиталар N 2081/2-3, ГТПИ Каздорпроект, 1987 ж., L = 18 м
36	Қуыс көпірлік плиталар. СПРФ «Күмбез», 2001 ж.
37	Күмбезді плита ПСВ-12 жеке N 2081/6, ГТПИ Каздорпроект, 1987 ж. L = 12 м
38	Күмбезді плита ПСВ-18 жеке. N 2081/3, ГТПИ Каздорпроект, 1988 ж. L = 18 м
39	П- тәрізді плиталар 3.503-29, А-1V арқау. L = 6; 9 м Н-30
40	Қуыс плиталар ТП 384/25, А-1V өзекше арқау. 1968 ж., L = 11.36 м
41	Қуыс плиталар КДП П 14 06-А1 1 К7Т, L = 14.06 м
	Металл
42	Болатбетон, 1952 ж., Болат құрылымдар жобасы
43	Воронеж зауытының полигонды фермасы – 84
44	Жеке полигонды – 125
45	Болат бетон – 42. ПСК – 1979. 3.503 – 50. жеке № 1180/1
46	Болат бетон – 42.5. ПСК – 1964, 43182 КМ
47	Болат бетон – ЛГТМ – 1968, С3.503 -15, жеке № 608/1 (4)
48	Кесілмеген 3 х 36 С3.503-50
49	Кесілмеген 3 х 36 С3.503.9-62

Е қосымшасы
(анықтамалық)

Аралық құрылымдар арқалықтарының сипаттамасы

№	Жоба атауы, Түгендеу нөмірі	Шыққан жылы	Жобалық жүктеу	Арқалық адымы (в), см	Өлшемдері		Арқалық және плиталардың көлденең қимасы
					Арқалық ұзындығы, м	Арқалық биіктігі, (h), см	
1	ТП 56, СДП, бетон М-250	1957 1957	Н-13 Н-18	140 140	8,66 11,36 14,06 16,76 22,16	70 80 85 100 125	
2 3	ТП 56Д, СДП ТП 3.503-14, жеке.№710/5 СДП	1962 1974	Н-18 Н-30	166 166	8,66 11,36 14,06 16,76 15,00	70 80 85 100 90	
4 5	ВТП-16. Укргипродортранс ИП - Мостотреста. Оралдық	1963 1959	Н-18 Н-13	85 140	16,76 22,16	90 125	

Е қосымшасының жалғасы

№	Жоба атауы, Түгендеу нөмірі	Шық-кан жылы	Жобалық жүктеу	Арқа-лық адым ы, (в), см	Өлшемдері		Арқалық және плиталардың көлденең қимасы
					Арқал ық ұзын-дығы, м	Арқалық биіктігі, (h), см	
6	ТП 2081/6 ПСВ-12 КДП	1987	А-11	137	12,0	60	
7	ТП 2081/3 ПСВ-13 КДП	1988	А-11	137	18,0	75	
8	ИП ВТП-22,16 Дмитриевск	1962	Н-18	210	22,16	120	
9	С.501-5 жеке № 384/6, 3.503-12 сериясы, Союздорнии	1964 бастап 1971 дейін	Н-18 Н-30	210	12,0 15,0 18,0 21,0 24,0 33,0 42,0	120 150 210	
10	ТП 149-62, Союздорпроект	1962	Н-30	166	32,32	170	

Е қосымшасының жалғасы

№	Жоба атауы, Түгендеу нөмірі	Шық-қан жылы	Жобалық жүктеу	Арқа-лық адымы (в), см	Өлшемдері		Арқалық және плиталардың көлденең қимасы
					Арқалық ұзын-дығы, м	Арқалық биіктігі, (h), см	
11	ТП 5.04.145 Белгипродор	1962	Н-18	100	6,0	30	
12	ТП 3.503.29 Белгипродор	1973	Н-30	100	6,0	30	
13	ВТК-21, Каздорпроект	1987	Н-30	170	21,0	115	
14	ВТК-21ш, Каздорпроект	1987	Н-30	170	21,0	115	
15	ВТК-21с, Каздорпроект	1992	А-11	170	21,0	115	
16	ВТК-24, Каздорпроект	1988	Н-30	170	24,0	120	
17	ВТК-24с, Каздорпроект	1993	А-11	170	24,0	120	
18	ТП 3.503-12, жеке № 384/5, СДП	1964	Н-18	100	12,0	60	
19	ТП 3.503-12, жеке. № 384/43, СДП	1973	Н-30	100	15,0 18,0	70 75	
20	ТП 2081/2-1 Каздорпроект	1987	А-11	100	12,0	60	
21	ТП 2081/2-3 Каздорпроект	1987	А-11	100	18,0	75	
22	Жеке № 384/25 СДП		Н-30	95	9,0 11,36 12,0 15,0 18,0	45 60 60 70 75	

Е қосымшасының соңы

№	Жоба атауы, Түгендеу нөмірі	Шық-қан жылы	Жобалық жүктеу	Арқа-лық адым ы, (в), см	Өлшемдері		Арқалық және плиталардың көлденең қимасы
					Арқал ық ұзын-дығы, м	Арқалық биіктігі, (h), см	
23	Шығару 100, Союздорпроект	1959	Н-18	145	22,16 32,96	120 170	
24	Жеке жиектік арка арқалығы және т.б..	Стандарттық емес өлшемдер мен параметрлер					

Ж қосымшасы
(анықтамалық)

Жаға (шеткі) және аралық тіреулердің негізгі типтері

№	Тірегі	Сызба - нұсқасы
Ж.1	Жатық тіреу	 1 Қиыршық тас жастық 2 Ригель 3 Шкаф қабырғасы 4 Ішкі фермалық алаңы 5 Ашылатын жері
Ж.2	Еніс қанаттары болатын көлемді тіреу	 1 Іргетас 2 Тіреу денесі 3 Ригель 4 Ішкі фермалық алаңы 5 Еніс қанатының іргетасы 6 Еніс қанаты 
Ж.3	Көлемді қопарылу тірегі	 1 Қиыршық тас жастық 2 Ригель 3 Шкаф қабырғасы 4 Ішкі фермалық алаңы 5 Ашылатын жері

№	Тірегі	Сызба - нұсқасы
Ж.4	Табиғи негіздегі қопарғыш, тірек бір қатарлы тірек	 1 Іргетас 2 Тіреу 3 Ригель 4 Ішкі фермалық алаңы 5 Шкаф қабырғасы 6 Ашылатын жері 7 Бүйір қабырға
Ж.5	Табиғи негіздегі қопарғыш теке тірек	 1 Іргетас 2 Тік тірек 3 Көлбеу тірегі 4 Ригель 5 Ішкі фермалық алаңы 6 Шкаф қабырғасы 7 Ашылатын жері 8 Бүйір қабырғасы

Ж қосымшасының жалғасы

№	Тірегі	Сызба - нұсқасы
Ж.6	Дуал қабырғасы болатын қадалық (тіректі)	 1 Қадалар 2 Ригель 3 Шкаф қабырғасы 4 Ішкі фермалық алаңы 5 Құйма 6 Дуал қабырғасының қалқаны
Ж.7	Дуал қабырғасы болатын, шкаф қабырғасыз тіреу	 1 Қадалар 2 Ригель 3 Артқы қабырға 4 Қалалық 5 Дуал қабырғасының қалқаны

Ж қосымшасының жалғасы

№	Тірегі	Сызба - нұсқасы
Ж.8	Кері қабырғасы болатын көлемді қопарылатын тіреу	 1 Іргетас 2 Тіреу денесі 3 Ригель 4 Ішкі фермалық алаңы 5 Кері қабырға
Ж.9	Қабырға тіреуі (жиналмалы)	 1 Іргетас 2 Тіреу денесінің блогы 3 Ригель (монолиттік немесе жиналмалы) 4 Ішкі фермалық алаңы 5 Құйма
Ж.10	Жиналмалы - монолиттік	 1 Іргетас 2 Тіреу денесінің блогы 3 Тіреу денесінің монолиттік учаскесі 4 Ригель 5 Ригельдің монолиттік учаскесі 6 Ішкі фермалық алаңы 7 Құйма

Ж қосымшасының жалғасы

№	Тірегі	Сызба - нұсқасы	
Ж.11	Төменгі жағы жіңішке жиналмалы – монолиттік тірегі (КДП әзірлеу)		1 Іргетас 2 Тіреу денесінің блогы 3 Тіреу денесінің монолиттік учаскесі 4 Ригель блогы 5 Ригельдің монолиттік учаскесі 6 Ішкі фермалық алаңы 7 Құйма
Ж.12	Екі бағанды	 1 Іргетас 2 Бағандар 3 Ригель 4 Ішкі фермалық алаңы 5 Құйма	
Ж.13	Бір бағанды	 1 Іргетас плитасы 2 Стакан 3 Тірек 4 Ригель 5 Ішкі фермалық алаңы 6 Құйма	

Ж қосымшасының жалғасы

№	Тірегі	Сызба - нұсқа
Ж.14	Бір қатарлы тіреу (қадалық) тірегі	
Ж.15	Көлемді монолиттік тіреу	
Ж.16	Көлемді телескопиялық тірек	

Ж қосымшасының соңы

Ж қосымшасының соңы

№	Тірегі	Сызба - нұсқасы
Ж.17	V-тәрізді қадалық тірек (көлбеу тіреулері)	 1 Іргетас 2 Бағандар 3 Ригель 4 Ішкі фермалық алаңы 5 Құйма
Ж.18	Мұз кескіші болатын көлемді монолиттік тірек	 1 Іргетас 2 Дененің мұз кескіш бөлігі 3 Дененің жоғарғы жағы 4 Ішкі фермалық плита 5 Ішкі фермалық алаңы 6 Құйма

И қосымшасы
(анықтамалық)
Көпірлік құрылыстардың ақаулар анықтамасы

Элементтің №	Ақау коды	Жұмыстар коды		Элементтер мен ақаулар атауы	Ақауды жоюға жұмыс көлемінің өлшем бірлігі	Ақау параметрі	Техникалық күйге ақаудың әсер етуін сараптамалық бағалау δ_i
		1	2				
1 Ұйымдастыру							
1	1			Жасанды құрылыс кітабы (журналы) және көпірге арналған паспорттың болмауы	кітап		1
1	2			Көпірдің қол жетімсіз бөлігін қарауға арналған қарау құралдарының болмауы	$м^2$		1
1	3			Баспалдақтық түсетін жерінің болмауы	м		1
1	4			Баспалдақтық түсетін жерінің бұзылуы	м		1
2 Тазалау, күтім							
2	1			Жабындағы ластың жиналуы	$м^2$		1
2	2			Болат аралық құрылым элементтерінде лас, қоқыстың жиналуы	$м^2$		1
2	3			Тіреу басында лас, қоқыстың жиналуы	$м^2$		1
2	4			Қарау арбасының бұзылуы	арба		1
2	5			Тротуарда лас, қоқыстың жиналуы	$м^2$		1
3 Шарбақ							
3	1			Шарбақ жеке панелдерінің бұзылуы	м		2
3	2			Шарбақ тіреуі, жоспардағы шарбақ геометриясы бітесінің бұзылуы	м		3
3	3			Шарбақтың бояу қабатының бұзылуы	м		1
3	4			Шарбақтың болмауы	м		2
3	5			Шарбақтың жеткіліксіз биіктігі	м		2

И қосымшасының жалғасы

Элементтің №	Ақау коды	Жұмыстар коды 1	Жұмыстар коды 2	Элементтер мен ақаулар атауы	Ақауды жоюға жұмыс көлемінің өлшем бірлігі	Ақау параметрі	Техникалық күйге ақаудың әсер етуін сараптамалық бағалау δ_i
4 Тротуарлар							
4	1			Блок арасындағы жіктер бұзылған немесе цементтік еріткішпен бітелген	м		2
4	2			Тротуарлық блоктың бұзылуы	$м^2$		3
4	3			Тротуарлар плитаның бұзылуы	$м^2$		3
4	4			Тротуарларда жабынның болмауы	$м^2$		2
4	5			Тротуарлардың болмауы	м		1
4	6			Тротуарлар жиегінің бұзылуы	м		2
4	7			Ескірген құрастырылым тротуарлары	$м^2$		2
5 Өтпе бөлік							
5	1			Ауданы 10 % кем жабындағы ойықтар мен сызаттар	$м^2$	h- ойық тереңдігі, см	2
5	2			Ауданы 10 % кем және тереңдігі 2 см артық жабындағы ойықтар мен сызаттар	$м^2$	Сол сияқты	3
5	3			Жабын қалыңдығы жобадан қалың (артық)	$м^2$	Δh, см	3
5	4			Асфальт – бетон жабынның барлық емес еніне төселген	$м^2$		2
5	5			Көпірлік төсемнің гидрооқшаулау қабатының бұзылуы	$м^3$		2
5	6			Жабынның болмауы	$м^2$		2
5	7			Бөлгіш жолақтарға арналған қоршадың жоқтығы	м		2
5	8			Өтпе бөліктің бөгет қоршауының жоқтығы	м		2
5	9			Өтпе бөлік қоршауының бұзылуы немесе жылжуы	м		2
5	10			Өтпе бөлік кедергі қоршауының жеткіліксіз биіктігі	м		2
5	11			Қоршаудағы белгінің болмауы	м		1
5	12			Су бұрғыш құралдар саңылауының ластануы	$м^2$		2

И қосымшасының жалғасы

Элементтің №	Ақау коды	Жұмыстар коды		Элементтер мен ақаулар атауы	Ақауды жоюға жұмыс көлемінің өлшем бірлігі	Ақау параметрі	Техникалық күйге ақаудың әсер етуін сараптамалық бағалау δ_i
		1	2				
5	13			Су бұрғыш құбыр диаметрі150 мм кем	шт		1
5	14			Су бұрғыш құрылғысының болмауы	шт		1
5	15			Ені бойынша көпір габариті нормадан 1,5 м шамаға кем	$м^2$		0
5	16			Ені бойынша көпір габариті нормадан 1,5 м шамаға артық	$м^2$		0
5	17			Тротуарлар блоктарынан судың ағуы	м		1
5	18			Бөлгіш жолақтың жабыны арқылы аралық құрылымға судың ағуы	$м^2$		1
5	19			Автожол немесе теміржол өтпе жолдарының астында орналасқан судың төгілуін болдырмайтын құрылғының болмауы	м		1
6 Көпірдің құрылыс үйіндісімен түйісу							
6	1			Көпірлік құрылыстың үйіндімен түйіскен жердегі болымсыз шөгулер (5 см кем)	$м^2$		2
6	2			Көпірлік құрылыстың үйіндімен түйіскен жердегі 5 см артық шөгулер, өтпелі плиталар астындағы қуыстар	м		3
6	3			Үйіндінің тротуармен түйісуінің болмауы	м		2
6	4			Өтпелі плиталардың болмауы	м		2
6	5			Тіреу ашылатын жердің конусындағы бітеп тастау шамасының жеткіліксіздігі	$м^3$ топырақ		2
6	6			Тіреу ригель астындағы қуыстар	$м^3$ топырақ		2
7 Деформациялы жіктер							
7	1			Ашық және жабық типті деформациялы жіктердің бұзылуы	м		2
7	2			Тайғанақ беттер болатын деформациялы жіктердің бұзылуы	м		2
7	3			Деформациялы жіктердегі бүйір арқалық арасында саңылаудың болмауы	м		3

И қосымшасының жалғасы

Элементтің №	Ақау коды	Жұмыстар коды		Элементтер мен ақаулар атауы	Ақауды жоюға жұмыс көлемінің өлшем бірлігі	Ақау параметрі	Техникалық күйге ақаудың әсер етуін сараптамалық бағалау δ_i
		1	2				
7	4			Деформациялы жіктердің болмауы	м		2
8 Аралық құрылымдар							
8	1			Ауыстыруды қажет етілмейтін көтергіш құрастырылым бетонының сілтілеуі	$м^2$		2
8	2			Ауыстыруды қажет етілмейтін көтергіш құрастырылым бетонының сілтілеуі	$м^3$		4
8	3			Ашық арқауы болатын бас арқалықтың қорғау қабатының қабыршақтары, ойықтары, олардың бұзылуы	$м^2$		2
8	4			Арқау қиындысы болатын бас Арқалықтардың бұзылуы	$м^3$	Бұзылған Арқалықтардың саны	4
8	5			Қиысты 10 % азайтатын арқалық бетонының сығылған аумағындағы қабыршақтар, ойықтар, сызаттар	$м^3$	Сығылған аумақтың көлденең қимасын азайту %	3
8	6			Бас арқалық плитасындағы өтпелі бойлық сызаттар	$м^3$	* р	4
* Р=1, егер сызаттар бұлдыраң көрінсе, онда Р = 0							
8	7			Арқауы кәдімгі арқалықтардағы ені 0,3 мм кем көлденең және көлбеу сызаттары	$м^2$	Сол сияқты	3
8	8			Арқауы кәдімгі арқалықтардағы ені 0,3 мм артық көлденең және көлбеу сызаттары	$м^3$	Сол сияқты	4

И қосымшасының жалғасы

Элементтің №	Ақау коды	Жұмыстар коды		Элементтер мен ақаулар атауы	Ақауды жоюға жұмыс көлемінің өлшем бірлігі	Ақау параметрі	Техникалық күйге ақаудың әсер етуін сараптамалық бағалау δ_i
		1	2				
8	9			Арқауы керілген арқалықтардағы ені 0,15 мм кем көлденең және көлбеу сызаттары	$м^2$		3
